



Құрметті Президент!

Қадірлі Бас хатшы!

Құрметті делегаттар!

Біріккен Ұлттар Ұйымы сексен жылдан бері адамзатқа төнген жаһандық сын-қатерлерді еңсеруде басты рөл атқарып келеді.

Осы жылдар аралығында Ұйым біздің ұжымдық қауіпсіздік, ядролық қаруды таратпау, бейбітшілікті сақтау, өсіп-өркендеу, кедейлікті азайту, орнықты даму және адам құқығын қорғау бағытындағы ортақ күш-жігерімізді ілгерілетуге бастамашы болды.

Алайда ақиқатқа тура қарауымыз керек: әлем түбегейлі өзгеріске ұшырады. Өкінішке қарай, жақсы жаққа қарай өзгерді деп айту қиын.

Дәл сол себепті жер жүзіндегі миллиондаған адам Біріккен Ұлттар Ұйымына үлкен үмітпен көз тігіп отыр.

Бүгінгі тарихи кездесу – әмбебап және баламасы жоқ Ұйымның іргелі қағидаттары мен мақсаттарына қаншалықты бейіл екенімізді дәлелдейтін орайлы мүмкіндік.

Өйтсе де біз көпжақты институттарға деген сенімнің дағдарысқа ұшырағанын айтпай кете алмаймыз.

Халықаралықтың құқықты өрескел бұзу «қалыпты жағдайға» айналды. Соның салдарынан әлемдегі тұрақтылыққа нұқсан келіп, халықтардың, саяси көшбасшылар мен мемлекеттердің бір-біріне сенімі әлсірей түсті.

Қазіргідей алмағайып кезеңде біріміз БҰҰ позициясының нығаюына ықпал етіп, Ұйымның құбылмалы заманға бейімделуіне қолғабыс етуіміз қажет.

Өзара түсіністік пен ынтымақтастық рухы соғыс өртен тұтандырудан басым болуға тиіс. Мемлекеттер басшылары бейбітшілікке ұмтылу жолында жауапкершілік арқалайды.

Қазіргі буын көшбасшыларының әрекетсіздік танытуға еш құқығы жоқ. Өйткені оның зардабын келесі ұрпақ тартады.

Осы орайда Біріккен Ұлттар Ұйымын жан-жақты реформалау толаассыз талқыланатын тақырып емес, нағыз стратегиялық қажеттілік екеніне назар аударғым келеді.

Бізге БҰҰ-ны реформалау жөнінде нақты ұсыныс әзірлейтін жоғары кәсіби және оны еш ойланбастан алға жылжытатын пікірлестер тобын құру қажет. Ұйым бүгінгі сын-қатерлерге және ертеңгі міндеттерге сай болуы керек.

Біріккен Ұлттар Ұйымын жаңғыртуды көздейтін мұндай батыл әрекет Қауіпсіздік Кеңесін реформалаудан басталуға тиіс.

Қауіпсіздік Кеңесінің құрамына Азия, Африка және Латын Америкасындағы ірі елдердің өкілдері ротация тәртібімен ұсынылуы керек.

Сонымен қатар Қазақстан жауапкершілігі бар орта державалардың үні БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінде барынша анық естілуі қажет деп санайды.

Іс жүзінде орта державалар қазірдің өзінде теңгерімді сақтауға және өзара сенімді нығайтуға үлес қосып, халықаралық қатынаста жағымды рөл атқара бастады.

Ұлы державалардың бастары бірікпегенде немесе барша адамзатты алаңдатытын өзекті проблемаларды шешуге қауқарсыздық танытқанда, мұндай елдер БҰҰ аясында дәнекерге айналады.

XXI ғасырда БҰҰ беделін көтеру үшін Ұйымға мүше мемлекеттер бейбітшілік пен қауіпсіздіктің іргесін бекемдейтін нақты қадамдар жасауға тиіс.

Өйтпесе, БҰҰ үнемі мәселенің салдарымен күресуден көз ашпайды. Ал проблеманың түпкі себептері үсті-үстіне көбейе береді.

Біз бұл үдерісті дәл бүгіннен бастай аламыз. Ол үшін Біріккен Ұлттар Ұйымының Жарғысына бейіл

ҚАЗАҚСТАН ПРЕЗИДЕНТІ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ БҰҰ БАС АССАМБЛЕЯСЫНЫҢ 80-ШІ СЕССИЯСЫНДАҒЫ ЖАЛПЫ ДЕБАТТА СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

екенімізді тағы да растауымыз қажет.

Егемендік, аумақтық тұтастық және кез келген дауды бейбіт жолмен шешу қағидаттарының бәрі мүлтіксіз сақталуға тиіс. Ұйым Жарғысын қолайына қарай қолдану оның беделіне нұқсан келтіреді.

Әлем сенімге, ашықтыққа және ортақ жауапкершілікке арқа сүйейтін жаңа консенсусқа зәру.

Мысалы, Жарғыдағы Екінші дүниежүзілік соғыстан бері келе жатқан «жау мемлекет» ережесін халықаралық қоғамдастықтың басым бөлігі ескірген деп санайды.

Сондықтан Жарғыны қайта қарау мәселесін талқылайтын уақыт келді. Бүгінде біз алаңдатарлық ахуалға куә болып отырмыз: қарулануды шектейтін шарттар сақталмайды, демек, стратегиялық тұрақтылықтың да іргесі сөгіле бастады.

2024 жылы дүние жүзінде әскерді жаратандыруға кеткен шығын 2,7 триллион долларды құрады. Бұл – рекордтық көрсеткіш. Ал жаһандағы зорлық-зомбылықтың шығыны 20 триллион долларға жуықтады.

Сондықтан әлемдегі қауіпсіздік архитектурасын қайта қалпына келтіру халықаралық қоғамдастық үшін ең басты басымдық болуға тиіс.

Біз ядролық қару қолдану қаупін күрт азайтуды, ядролық державалар арасындағы жоғары деңгейдегі диалогты қайта бастауды қолдаймыз, көпжақты әрекеттің жандануына күш салуымыз керек деп санаймыз.

Кең көлемде алып қарасақ, соғысқұмарлық менталитетін түп-тамырымен жоятын күрделі жұмысқа кіріскен жөн. Бұл жүзеге асыруға болатын шаруа. Бастысы, мемлекеттердің бейбітшілік жолында қанша қаржы жұмсап отырғанын мұқият бақыласақ болғаны.

Қазақстан ядролық қарусыздану және жаппай қырып-жою қаруын таратпау жөніндегі жаңа диалогқа дайын. Біз Ядролық қаруды таратпау туралы шартты күшейтіп, Ядролық сынақтарға жан-жақты тыйым салу туралы шарттың орындалуына түрткі болу үшін бейресми пікір алмасуларға мән бере аламыз.

Сонымен қатар біз бұған дейін айтқан Биологиялық қауіпсіздік жөніндегі халықаралық агенттік құру туралы ұсынымымызды жүзеге асыруға шақырамыз.

Қазақстан бейбіт тұрғындарға орасан зор залал келтіріп, жаһандық сенімге селкеу түсірген және халықаралық қауіпсіздікті әлсіреткен Украина айналасындағы дағдарысқа алаңдаулы.

Дегенмен аталған қақтығысты тоқтату үшін екіжақты және халықаралық деңгейдегі дипломатиялық күш-жігерді жалғастырып, қос мемлекет ұзақ мерзімді мүдделеріне сай келетін саяси икемділік көрсетуі керек.

Территориялық дау-дамайды шешу ешқашан оңай болған емес. Ол келешек ұрпақтың қамы үшін екі жақтың да барынша устамдылық пен жауапкершілік танытуын талап етеді.

Өшпенділік психологиясы қақтығысқа қатысушы тараптардың бітімге келуіне мүмкіндік қалдырмай, қай-қайсысын да құрдымға жібереді.



Газадағы гуманитарлық дағдарыстың ауқымы тіпті қорқынышты. Оған бей-жай қарау мүмкін емес.

Бұл қақтығыстың тарихи тамыры тым күрделі. Біз осы жауласудың түпкі себебін ескерусіз қалдыра алмаймыз.

Қазақстан әскери іс-қимылды дереу тоқтатуға, бейбіт тұрғындарды толық қорғауға және халықаралық гуманитарлық құқық аясындағы көмектің кедергісіз жетуін қамтамасыз етуге шақырады.

Біз екі мемлекеттің бейбіт қатар өмір сүруіне негізделген шешімді құптаймыз әрі БҰҰ-ның жетекші рөлін мойындаймыз.

Қазақстан Таяу Шығыстағы өңірлік бітімгерлікке бағытталған Арабтың бейбіт бастамасы, Нью-Йорк декларациясы, Ибраһим келісімі секілді дипломатиялық ұсынымдарды қолдайды.

Егер көшбасшылық пен саяси ерік-жігер болса, бұл құжаттар араздықты ынтымақтастық пен ортақ игілікке айналдыруға болатынын көрсетеді.

Сондай-ақ біз АҚШ Президентінің арағағайындығымен Әзербайжан мен Армения қарым-қатынасының қалыпқа түскенін ерекше ықыласпен қабыл алдық.

Бұл дипломатия мен парасатты шешімнің арқасында ұзақ жылға жалғасқан кез келген қақтығысты реттеуге болатынын дәлелдеді.

Қазақстан осы қағидатқа сүйеніп, дауды ушықтырғаннан гөрі дипломатияға жүгінуді, күш қолданғаннан гөрі диалог жүргізуді жөн деп санайды.

Қазіргі геосаяси шиеленіске қарап, кейбір саясаткерлер «өркениеттер қақтығысынан қашып құтыла алмаймыз» деген пікір айтып жүр.

Алайда мұндай алауыздық тағдырдың жазуы емес, олардың саяси таңдауы.

Ғылым, медицина, спорт, дін және мәдениет сияқты жаһандық игіліктер геосаяси бөліністің құралына айналмауға және санкция салуға себеп болмауға тиіс. Адамзат өміріндегі бұл ізгі құндылықтар бізді гуманизм идеясына біріктіреді.

Саясаткерлер жауапкершіліктен жұрдай мәлімдеме жасағанда немесе дін мен болмысты саяси ұлағын түгендеу үшін бұра тартып, ағат әрекетке барғанда сенімге селкеу түсіп, бейбітшілікке ұмтылған ерік-жігер жасиды.

Анығында, саяси көшбасшылық – бір-біріне күмән-күдікпен қарап, менмендік таныту емес, өзара түсіністік пен құрметтен тұрады.

белең алғанына куә болып отырмыз.

Соның салдарынан былтыр әлемдегі тікелей шетел инвестициясының көлемі 1,5 триллион долларға дейін қысқарды. Қазақстан инвестиция саласындағы халықаралық ынтымақтастық аясын кеңейтуді табанды түрде жақтайды. Тәуелсіздіктің 30 жылында ел экономикасына 400 миллиард доллардан астам қаржы тартылды.

Біз әрқашан ашық нарық қағидаттарына сүйенеміз әрі бұл мемлекеттік саясатымыздың негізгі бағыты болып қала береді.

Еуразия төсінде орналасқан Қазақстан Азия мен Еуропа арасындағы құрлық арқылы тасы-малданатын жүктің 80 пайызына қызмет көрсететін логистикалық хаб ретінде шешуші рөл атқарады.

Біз көлік-транзит инфрақұрылымына, соның ішінде «Бір белдеу, бір жол» бастамасына, Солтүстік – Оңтүстік көлік дәлізіне және Транскаспий көлік бағытына ондаған миллиард доллар инвестиция саламыз.

Қазақстан қалыптасып келе жатқан жаһандық көлік жүйесінің өзегі саналатын аймақтық жеткізу тізбегін дамытуды жалғастырады.

2029 жылға дейін 5 мың шақырым жаңа теміржол салуды жоспарлап отырмыз.

Еліміз Орнықты даму мақсаттарын ұлттық күн тәртібіндегі басымдықтардың бірі ретінде айқындады. Ондағы міндеттер мемлекеттік жоспарлауда және бюджет жобасын әзірлегенде ескеріледі.

БҰҰ Бас хатшысы мен Ұйымға мүше мемлекеттердің қолдауының арқасында Алматыда БҰҰ-ның Орталық Азия мен Ауғанстан үшін Орнықты даму мақсаттары жөніндегі өңірлік орталығы ашылды.

Бүгінде Орталық Азияның бірлігі мен өзара сенімі жаңаша сипат алып, өңір халықаралық бейбітшілік пен прогрестің белсенді қатысушысына айналды.

«Орталық Азия бестігі» ынтымақтастығын нығайтуда. Сол арқылы тату көршілік дамуға да, қауіпсіздікті күшейтуге де оң септігін тигізетінін дәлелдеп отыр.

Соның арқасында біздің өңір әлемдегі негізгі серіктестерімен «Орталық Азия плюс» форматында диалог жүргізе бастады.

Қазақстан Ауғанстанның инклюзивті дамуын аймақтағы ұзақ мерзімді бейбітшілік пен тұрақтылықты қамтамасыз етудің кепілі деп санайды.

Біз ауған халқына гуманитарлық көмек көрсетіп, сауда, азық-түлік қауіпсіздігі, инфрақұрылым және көлік тасымалы салаларындағы ықпалдастығымызды жалғастыра береміз.

Құрметті делегаттар! Былтыр адамзат тарихындағы ең ыстық маусым болды. Бұл ретте Орталық Азияда ауа температурасы әлемдегі орташа көрсеткіштен екі есе жоғары екенін айтқан абзал.

Алатау мұздықтары тез ери бастады. Бұл миллиондаған халықтың су және азық-түлік қауіпсіздігіне қатер төндірді.

ішінде халықаралық деңгейдегі ынтымақтастық нәтижесінде теңіздің солтүстік бөлігін сақтап қалдық.

Халықаралық Аралды құтқару қорының төрағасы ретінде еліміз бұл маңызды бағыттағы белсенді жұмысты жалғастырады.

Дегенмен Каспий теңізі күннен күнге тартылып барады. Бұл бір өңірдің ғана проблемасы емес, жаһандық деңгейде дабыл қағатын мәселеге айналды.

Сондықтан аймақтағы серіктестерімізді және барша халықаралық қоғамдастықты Каспийдің су қорын сақтау үшін жедел шараларды бірлесе қабылдауға шақырамыз.

Былтыр Қазақстан Франция, Сауд Арабиясы және Дүниежүзілік банкпен бірлесіп One Water саммитін өткізді.

Болашақта су тапшылығын болдырмау мақсатында анағұрлым тығыз үйлестіру, инвестиция және орнықты шешім қажет.

Аталған мәселені күн тәртібіне шығару үшін еліміз Біріккен Ұлттар Ұйымымен және басқа халықаралық құрылымдармен серіктесе отырып, келесі жылы сәуір айында Астанада Өңірлік экологиялық саммит ұйымдастырады.

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы міндеттемелеріміз аясында елімізде «Таза Қазақстан» жалпыұлттық акциясы жүзеге асырылып жатыр. Бұл қозғалыс тазалыққа, қоқыс жинауға және экологиялық ағартушылыққа атсалысатын миллиондаған еріктіні ортақ іске жұмылдырады.

Қазақстанның бастамасымен БҰҰ 2026 жылды Орнықты даму мақсаттары жолындағы Халықаралық еріктілер жылы деп жариялады. Ұйымға мүше мемлекеттердің бәрін осы маңызды бастамаға қолдау білдіріп, ынтымақтастық орнатуға шақырамыз.

Осы орайда Бас Ассамблеяға 22 сәуірді Халықаралық жер шарын көгалдандыру күні деп жариялайтын қарар қабылдауды ұсынамын.

Қымбатты достар! Қазақстан жасанды интеллектіні технологиялық жетістік деп қана емес, адамзат прогресіне қозғау салатын зор табыс ретінде қарастырады.

Алайда жасанды интеллектіні дамытудың тәуекелдері де бар. Атап айтқанда, ол технологиялық, экономикалық және геосаяси теңсіздіктердің күшеюіне өкеледі. Сондай-ақ этика нормалары бұл эволюцияның соңында қалып қойына жол бермеуіміз керек.

Әділеттілік, жауапкершілік және адам құқықтарын қорғау мәселелері жедел әрі нақты шешілуге тиіс.

Бұл үшін әр ел ЖИ артықшылықтарын пайдалана алатындай ұжымдық күш-жігер қажет.

Қазақстан БҰҰ аясында Жасанды интеллектіні басқару бойынша жаһандық диалогтың басталуын қолдайды.

ЖИ саласындағы қауіпсіздік, инклюзивтілік және адамға бағдарлану міндетті түрде ескерілуі үшін аталған платформа жұмысына белсенді түрде атсалысуға дайынбыз.

Қазақстанда жасанды интеллект экономика мен мемлекеттік қызмет көрсетудің барлық секторына енгізіледі.

Қазірдің өзінде оны жүзеге асырудың базалық инфрақұрылымы жасалып жатыр. Дарынды жас мамандарымыз мұны іске асыруға әзір.

Біздің стратегиялық мақсатымыз – үш жылдың ішінде Қазақстанды толық цифрланған елге айналдыру.

Жаппай цифрландыру және жасанды интеллектіні кеңінен қолдану еліміздің ұлттық басымдығына айналды.

ҚАЗАҚСТАН ПРЕЗИДЕНТІ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ БҰҰ БАС АССАМБЛЕЯСЫНЫҢ 80-ШІ СЕССИЯСЫНДАҒЫ ЖАЛПЫ ДЕБАТТА СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Электрондық үкімет ұлттық даму стратегиямыздың негізгі элементі саналады. Мемлекеттік қызмет көрсетудің шамамен 90 пайызы цифрлық форматта ұсынылады. Жұырда Қазақстанда ең қуатты ұлттық суперкомпьютер іске қосылды. Дегенмен ЖИ мен автоматтандыру көптеген елде жұмыс орындарының қысқаруына әкелуі мүмкін. Сондықтан цифрлық прогресс кәсіптік білім берумен қатар жүргізілуі қажет. Қазақстан жұмыспен қамтуды арттырып қана қоймай, кәсіптік мамандықтардың мәртебесін көтеруді аса маңызды деп санайды. Ханымдар мен мырзалар! Жаһанда тұрақсыздық белең алған кезеңде Әділетті Қазақстан құруды көздеген жаңғыру саясатын батыл жүргізіп жатырмыз. Соңғы үш жылда біздің аймақта бұрын-соңды болмаған саяси және экономикалық реформалар жасалды. Жалпыұлттық референдум арқылы Президентті жеті жылға бір мерзімге сайлайтын норма енгізілді. Бұл демократия қағидаттарына сай есептілікті күшейтеді. Біз «Құшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» формуласын ұстанамыз. Қазақстанды жаңғырту ұстанымын басшылыққа ала отырып, елімізде бір палаталы Парламент құру мәселесін жалпыұлттық референдумға шығаруды ұсындым. Мақсатымыз – саяси жүйенің қоғам

сұранысына сай ашықтығы мен тиімділігін арттырып, оны ұдайы жетілдіру. Бұл реформалардың басты қағидасы: Заң және тәртіп бәрінен жоғары тұруы керек. Біз парасаттылыққа және заң үстемдігіне арқа сүйейтін басқару жүйесі ғана қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етіп, азаматтардың құқығын қорғауға мүмкіндік береді деп санаймыз. Бұл халықаралық инвестицияларға, сауда байланысына және елдің қарқынды дамуына оңтайлы жағдай жасайды. Занды мүлтіксіз сақтайтын азаматтардың мүддесін қорғау – әділеттілікке, есеп беруге және өзара құрметке негізделген басты басымдықтарымыздың бірі. Қазақстан экономикасы тұрақты дамып келеді. Биыл экономикалық өсім 6 пайыздан асады деп күтілуде. Бұл біздің аймақтағы ең ірі экономиканың орнықтылығын қуаттай түседі. Дегенмен бұл жетістіктерге тоқмейілсуге болмайды. Біз ұзақ мерзімді дамуға бағытталған күш-жігерді жалғастырамыз. Қазақстанның энергетикалық стратегиясы төрт салаға негізделген: мұнай-газ, көмір, уран және аса маңызды минералдар. Бұл құнды ресурстар сенімді энергетикалық серіктестіктің негізі бола алады. Климат өзгерісі мен «жасыл» күн тәртібін көмір кені секілді орасан зор энергетикалық ресурсқа бай елдер қабылдай бермейді. Өйткені бүгінде озық технологияның арқасында оны тазаланған күйінде пайдалануға бо-

лады. Сондықтан біз 35 жыл ішінде елімізді декарбонизациялау жөнінде міндеттеме алдық. Тек жаңартылатын энергия көмегімен бүкіл энергетикалық мәселені шешу мүмкін емес. Ауыл шаруашылығы – әлемдік нарықта зор әлеуетке ие жетекші саламыздың бірі. Қазақстанның астық экспортындағы әлеуеті – 12 миллион тонна. Бұл халықаралық нарықтың басым бөлігін қамтиды және көлік байланыстарын жақсарту есебінен сауданы кеңейтудің жаңа мүмкіндіктеріне жол ашады. Біз сыртқы саудамыздың инклюзивтілігі мен орнықтылығын қамтамасыз ете отырып, оны одан әрі әртараптандыру мақсатында барлық негізгі халықаралық серіктестерімізбен және аймақтағы мүдделі елдермен ынтымақтастықты жалғастырамыз. Жоғары Мәртебелі! Ел ішіндегі мемлекеттік басқару реформаларын тереңдету және шетелдегі жаһандық басқаруды қолдау – басты бағдарымыз. Біз бұл бағытты берік ұстанамыз. Қазақстан арағайындық және бітімгер рөлін жалғастырады. Біздің таңдауымыз: үстемдік емес – тепе-теңдік, жіктелу емес – ынтымақтастық, соғыс емес – бейбітшілік. Біз халықаралық қоғамдастықтың басқа да мүшелерімен бірлесе отырып, Біріккен Ұлттар Ұйымының бейбітшілік, әділеттілік және ынтымақтастық шамшырағы екенін растауға дайынбыз. Рақмет!

akorda.kz

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ АМЕРИКАНЫҢ БИЗНЕС ӨКІЛДЕРІМЕН ӨТКЕН «ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ» ОТЫРЫСЫНДА СӨЗ СӨЙЛЕДІ



Қасым-Жомарт Тоқаевтың Нью-Йорктегі жұмыс сапары АҚШ-тың ірі бизнес өкілдерінің қатысуымен өткен «дөңгелек үстел» отырысында жалғасты.

Мемлекет басшысы Қазақстан мен АҚШ-тың кеңейтілген стратегиялық серіктестігі қарқынды түрде дамып келе жатқанына назар аударды. – Біз Американы маңызды серіктестеріміздің бірі санаймыз және сан қырлы ынтымақтастықты одан әрі дамытуға мүдделі екенімізді растаймыз. Америка Құрама Штаттарының да осы стратегиялық ұстанымды қолдайтыны қуантады. Оған Президент Дональд Трамппен 2024 жылы желтоқсан айында болған еңгімелесу барысында көз жеткіздік. Бүгін біз Президент Трамппен тағы да мазмұнды еңгіме жүргіздік. Ол үшін ризашылығымыз білдіреміз. Қазақстан Президент Трамптың прагматикалық дипломатияны алға тартуын, Еуропа мен Таяу Шығыстан бастап Азия мен Африкаға дейінгі қақтығыстарды бейбіт жолмен реттеуге ықпал ету ісіндегі рөлін жоғары бағалайды. Оның конструктивті позициясы мен нақты нәтижеге қол жеткізуге айрықша мән беруі жаһандағы жіктелу ушыққан кезеңде шиеленістің бәсеңдеп, диалогтың артуына ықпал етуде. Мақсат-міндеті айқын мұндай батыл әрі табанды әрекет халықаралық деңгейде мойындауға лайық. Біздің өмімізша, бұл ұстанымдар ертең өтетін БҰҰ-ның Жалпы деббатында Ұйымға мүше мемлекеттердің назарына ұсынылуы керек. Құрама Штаттар Қазақстан экономикасына 100 миллиард доллардан астам қаржы құйған ірі инвестор саналады. Екі ел

экономикалық ықпалдастықта зор жетістікке жетті. Біз мұны мақтан тұтамыз. Қазір елімізде 630-дан астам америкалық компания табысты жұмыс істеп жатыр. Олардың қатарында Chevron, ExxonMobil, Boeing, Visa, Mastercard, Meta, секілді танымал брендтер бар, – деді Президент. Мемлекет басшысы Қазақстанның өңірдегі экономикасы ең қуатты ел ретінде Орталық Азияға Америка бизнесінің инвестициясын тарту және олардың кәсіп аясын кеңейту ісінде жетекші рөл атқаруға дайын екенін жеткізді. Бұл бағыттағы күш-жігерге C5+ және B5+ форматындағы тұрақты ынтымақтастық тың серпін бере алады. Президент дөңгелек үстел қатысушыларына елімізде жүзеге асырылып жатқан экономикалық және саяси реформалар туралы мәлімет берді.

– Қазақстан білім мен инновацияға арқа сүйеген экономика құруды мақсат етеді. Бұл ретте цифрлық трансформацияға баса мән беріледі. Еліміздің экономикасы өңірдің өркендеуінде негізгі рөл атқарады. Қазақстанның мұндай білікті бағындыруына Америка бизнесі сегіз айдың қорытындысы бойынша еліміздің экономикалық өсімі 6,5 пайызды құрады. Біз дамудың жоғары қарқынын сақтай отырып, ауқымды саяси-экономикалық реформалар жүргізуге ниеттіміз, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев. Мемлекет басшысы жүзеге асырылып жатқан жұмыстың барлығы Қазақстанның тікелей шетел инвестициясына тартымдылығын арттыруды көздейтінін айтты. Сонымен қатар Қазақстан мен АҚШ арасындағы экономикалық және инвестициялық ықпалдастықтың негізгі бағыттарына тоқталды. Қасым-Жомарт Тоқаев бұрыннан

екіжақты ынтымақтастықтың негізі саналатын энергетика секторын алғашқы басымдық ретінде атады. – Chevron және ExxonMobil компанияларының соңғы 30 жылда елімізге қомақты әрі табысты инвестиция салғанын мойындаймыз және жоғары бағалаймыз. Аймақтағы геосаяси дүрбелеңдерге қарамастан, олардың еліміздегі қызметіне қатысты ешқашан күмән туған емес. Еліміздің экономикасын жаңғыртуда, озық технологиялар енгізуде, экономикалық әлеуетіміздің орнықтылығы мен қуатын арттыруда сіздердің Қазақстандағы қызметтеріңіздің жағымды әсері болды. Біз Теңіз, Қашаған және Қарашығанақ мұнай кен орындарындағы америкалық серіктестерімізбен конструктивті ынтымақтастықты одан әрі жалғастырамыз. Өзара серіктестігіміз алдағы уақытта да әділ әрі екі тарапқа тиімді нәтиже әкелгенін қалаймыз. Қазақстан өзінің энергетикалық ресурстарын экспорттау бағыттарын әртараптандыруды көздейді, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев. Мемлекет басшысы аталған стратегиялық маңызды міндетті жүзеге асыру ісінде Американың энергетика компаниялары басты рөл атқаратынына назар аударды. Сонымен қатар Президент геологиялық барлау әрі іске асырылып жатқан жобалардың аясын кеңейту, әсіресе, уран өндіру және оны өңдеу саласында жаңа мүмкіндіктерді зерделеу қажет екенін атап өтті. Қазақстан әлемдік уран нарығындағы сұраныстың шамамен 40 пайызын өтейді. Ал АҚШ осы материалдың орта есеппен 24 пайызға жуығын біздің елден импорттайды. – АҚШ-тың энергетика саласындағы басымдықтарына сәйкес, біз көмірге негізделген таза, тиімді және экологиялық тұрғыдан қауіпсіз энергетикалық шешімдерді ұсынамыз. Қазақстанда қуаттың 70 пайыздан астамы көмірден алынады. Әлемдегі көмір қоры мол елдердің бірі ретінде біз де АҚШ сияқты мұны энергияның сенімді әрі қауіпсіз көзі ретінде қарастырамыз, тым болмағанда таяу келешекте одан бас тартпаймыз. Еліміздің энергетикалық стратегиясы төрт компонентке: мұнай, газ, көмір

және уранға негізделген. Біз осы қағидатты берік ұстанамыз, – деді Мемлекет басшысы. Президент маңызды шикізат материалдарын игеруді басым бағыт ретінде қарастыратынын жеткізді. Бұдан бөлек, Қазақстанда мыс, вольфрам, қорғасын, мырыш, литий, графит және жоғары технологияға аса қажетті басқа да пайдалы қазбалардың мол қоры бар екенін еске салды. – Біз тау-кен саласында еңбек ететін инвесторлар үшін ашық әрі мазмұнды заңнамаға негізделген қолайлы юрисдикция қалыптастырдық. Отандық тау-кен секторына қазірдің өзінде Ivanhoe, Rio Tinto, Anglo Teck және Fortescue сияқты ірі компаниялар келді, – деді Мемлекет басшысы. Бұдан кейін Қасым-Жомарт Тоқаев көлік және логистика секторындағы кең мүмкіндіктерге тоқталды. Сондай-ақ Транскаспий халықаралық көлік бағдарын дамытудың келешегі зор екеніне назар аударды. – Біз Wabtec компаниясының еліміздегі машина жасау және теміржол көлігі салаларын ілгерілетудегі негізгі рөлін жоғары бағалаймыз. Қазақстан аталған компаниямен серіктесе отырып, физикалық желілерді ғана емес, үлкен дерекқорға негізделген интеллектуалды, интеграцияланған көлік дәліздерін де құрып жатыр. Бүгін Wabtec компаниясымен 4 миллиард долларға жуық қаржының жаңа келісіміне қол қойылды. Бұл еліміздің АҚШ-пен көлік саласындағы ынтымақтастығын айтарлықтай нығайтады. Air Astana және SCAT сияқты алдыңғы қатарлы әуе компаниялары Boeing ұшақтарын пайдаланады. Азаматтық авиация паркіміздің негізі осы ұшақтардан құралған. Біз Boeing компаниясымен ынтымақтастықты кеңейтуге және таяу жылдары жаңа ұшақтар алуға ниеттіміз, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев. Президенттің пікірінше, өзара тиімді ынтымақтастықтың тағы бір перспективті бағыты – агроөнеркәсіп кешені. Егістік жерлерінің көлемі жағынан әлемде алтыншы орын алатын және ең ірі астық экспорттаушылардың ондығына кіретін Қазақстанның аталған саладағы мүмкіндіктері америкалық әріптестерді қызықтыруға тиіс. – Америкалық компанияларды Қазақстанның ауыл шаруашылығы әлеуетін барынша пайдалануға шақырамыз. Біз PepsiCo және Mars компанияларының заманауи, экспортқа бағдарланған зауыт салу жоспарын құптаймыз. Аталған бастамалар Қазақстанның экспорттық қуатын арттырып қана қоймай, өнімдеріміздің жаңа өңірлік нарықтарға шығуына мүмкіндік береді. ынтымақтастығымызды одан әрі нығайту үшін орнықты ауыл шаруашылығын дамытуды, су ресурстарын үнемдеп пайдалануды және аталған саланы цифрландыруды көздейтін ортақ Агроинновациялық бағдарлама жасауды ұсынамыз, – деді Мемлекет басшысы. Президент мән берген келесі басымдық – цифрлық трансформация. Қасым-Жомарт Тоқаев алдағы үш жылда Қазақстанды толық цифрлық мемлекетке және цифрлық трансформация мен жасанды интеллект саласында Еуразияда көш бастайтын IT-хабқа айналдыру жоспарымен бөлісті. NVIDIA, Amazon, Starlink және Microsoft сияқты жаһандық технологиялық алпауыттар цифрлық экожүйемізді қалыптастыруға белсенді атсалысып жатыр. Мемлекет басшысының айтуынша, бұл еліміздің IT саласындағы әлеуеті орасан зор екенін көрсетеді. Бұл ретте цифрлық активтер, Индустрия 4.0, жасанды интеллект және «ақылды қала» шешімдері өзара ықпалдастықтың перспективті бағыттары саналады. Қаржы секторы туралы сөз қозғай отырып, Мемлекет басшысы дөңгелек үстел қатысушыларына «Астана» халықаралық қаржы орталығының мүмкіндіктерін таныстырды. Қазіргі уақытта онда 80-нен аса елден 4200-ден астам компания тіркелген. Оның 60-тан астамы – америкалық компаниялар. Қасым-Жомарт Тоқаев адами капиталды дамытудың маңызына ерекше тоқталды. – Қазақстан бірте-бірте өңірлік академиялық және ғылыми-зерттеу хабына айналып келеді. Бүгінде елімізде шетелдік жоғары

оқу орындарының 33 филиалы ашылған. Олардың қатарында Ари-зона университеті, Колорадо тау-кен мектебі, Дьюк университеті, Пенсильвания штаты университеті, Миннесота университеті және Нью-Йорк кино академиясы секілді америкалық жетекші жоғары оқу орындары бар, – деді Президент. Сондай-ақ бүгінде «Болашақ» бағдарламасының 800-ден астам стипендия иегері АҚШ-тың Гарвард, Массачусетс технологиялық институты, Стэнфорд, Чикаго университеті секілді маңдайалды оқу орындарында білім алып жатыр. Бұл ретте Мемлекет жас буын көшбасшыларын қалыптастыру үшін америкалық университеттермен және зерттеу орталықтарымен бірлескен жобалардың аясын кеңейтуді ұсынды. Президент өз сөзінде мәдениетке бизнес тарапынан қолдау көрсету мәселесін де қозғайды. – Қазақстанның мәдени мұра қорын құру туралы Смитсон институтының шешімін ерекше ықыласпен қабыл алдым. Аталған қор халқымыздың бай мұрасын сақтау, зерттеу және әлемде насихаттаумен айналысады. Осы маңызды бастаманы белсенді түрде қолдағаны үшін Chevron компаниясы директорлар кеңесінің төрағасы Майкл Уирт мырзаға ризашылығымды білдіремін, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев. Мемлекет басшысы Америка Құрама Штаттарымен стратегиялық серіктестікті одан әрі нығайту еліміздің сыртқы саясатындағы ұзақ мерзімді басымдықтардың бірі екенін айтты. – Қазақстан географиялық тұрғыдан сезімтал аймақта орналасқан. Біз өзіміздің стратегиялық мақсатымыздан, соның ішінде АҚШ-пен тығыз ынтымақтастық жасау ниетімізден айналымыз. Өйткені АҚШ біздің тәуелсіздігімізді әлемдегі алғашқы елдердің бірі болып мойындады және әрдайым Қазақстанның егемендігі мен аумақтық тұтастығын қолдап келеді. Халқымыз Американың бұл ұстанымын шынайы құрметтейді. Елімізде жүргізіліп жатқан ауқымды саяси-экономикалық реформалар, ашық және инвестицияға қолайлы саясат жүргізу ұстанымы америкалық компаниялардың Қазақстанда алаңсыз бизнес жүргізуіне кепілдік береді әрі олардың сенімді, ұзақ мерзімді серіктес болуына мүмкіндік жасайды, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев. Отырыста АҚШ Сауда палатасының президенті Сюзанн Кларк, Chevron компаниясы директорлар кеңесінің төрағасы Майкл Уирт, АҚШ Сауда министрінің орынбасары Уильям Киммит, АҚШ Мемлекеттік хатшысының экономикалық өсім, энергетика және қоршаған орта мәселелері жөніндегі орынбасарының міндетін атқарушы Томас Лерстен, NVIDIA компаниясының жасанды интеллект саласындағы жаһандық бастамалар бойынша вице-президенті Карлиста Рэдмонд, Boston Consulting Group компаниясының директорлар кеңесінің жаһандық төрағасы Ричард Лессер, S&P Global компаниясының тәуелсіз рейтингтер және көпжақты қаржы институттары рейтингтері жөніндегі жаһандық бағытының басшысы, басқарушы директоры Роберто Сифон-Аревало, ExxonMobil Upstream Company президенті Дэн Амман, LanzaJet компаниясының бас атқарушы директоры Джимми Самарцис, The Boeing компаниясының вице-президенті Лэндон Лумис, Ashmore Group компаниясының бас атқарушы директоры Марк Кумбс, Visa компаниясы төрағасының орынбасары әрі персонал және корпоративтік мәселелер жөніндегі бас директоры Келли Тулье, Ivanhoe Mines Ltd. негізін қалаушы әрі директорлар кеңесінің атқарушы төңөрағасы Роберт Фридланд, Колорадо тау-кен ісі мектебінің президенті Пол Джонсон, GTM, OpenAI білім беру және мемлекеттік бағдарламалар бағыты бойынша жетекшісі Кевин Миллс, Mastercard компаниясының бас әкімшілік директоры Ричард Верма, Shell USA компаниясының президенті Колетт Хёрстиус, Honeywell Process Automation компаниясының президенті және атқарушы директоры Джеймс Массо, Amazon Kuiper компаниясының жаһандық тұтыну бағытының жетекшісі Лиза Скаппоне сөз сөйледі.

akorda.kz

АДАЛ ЕҢБЕК: ЖЕТИСУДА ТҮРЛІ МАМАНДЫҚ ИЕЛЕРІ ҚҰРМЕТКЕ БӨЛЕНДІ

«Еңбек күні» мерекесі қарсаңында Жетісу облысында түрлі мамандық иесіне құрмет көрсетілді. Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, ауыл шаруашылығы, ветеринария, өнеркәсіп салаларының қызметкерлері марапатталды. Олардың қатарында аймақтың экономикалық дамуына үлес қосқан 11 сала мамандары мен еңбек әулеттері, үздік ұжым қызметкерлері. Салтанатты шараға еңбек ардагерлері қатысты, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Салтанатты шарада облыс әкімінің орынбасары Марлен Көлбаев құттықтау сөз сөйлеп, өңірді дамыту бағытында зор үлес қосқан жұмысшы мамандық иелері атқарған жұмыстар мен алдағы жоспар жайлы кеңінен баяндады.

— Өңірде жұмысшы мамандықтардың мәртебесін көтеру және білікті кадр даярлау үшін барлық жағдай қарастырылған. Мәселен, облыс басшысының тікелей бастамасымен Талдықорғанда қаласында 2026 жылы ерекше жоба – халықаралық стандарттарға негізделген «Zhetyusu Skills» орталығын ашу жоспарлануда. Бұл бастама – облыс деңгейінде әртүрлі жұмысшы мамандықтарды даярлауға және студенттеріне заманауи құрал-жабдықтарды пайдалана отырып, кәсіби дағдыларын осы орталықта шыңдауға мүмкіндік беретін болады. Сондай-ақ, биыл 11 колледжде 14 жаңа мамандықтар ашу және трансформациялау

жұмыстары атқарылды. «Өңірлік жаңа мамандықтар атласы» жасалып, жаңа, трансформацияланатын, жойылып бара жатқан және аса тапшы кәсіптер тізбесі анықталды. Мемлекет басшысы өз Жолдауында атап өткендей «Адал да қажырлы еңбектің арқасында жетістікке жеткен адамдар әрқашан құрметке бөленуі шарт». Сондықтан мереке қарсаңында адал еңбектің адал қызметкерлерін марапаттау – құрмет пен жоғары сенімнің белгісіне теңейміз, – деді М. Көлбаев.

Мерекелік шарада экономиканың 11 түрлі саласында еңбек етіп жүрген барлығы 20-ға жуық адамға құрмет көрсетілді. «Еңбек жолы» және «Парыз» байқауларының облыстық кезеңдерінің жеңімпаздары ерекше еңбек жетістіктері үшін марапатталды. Осылайша, «Еңбек жолы» байқауының «Үздік еңбек әулеті» номинация бойынша Қаратал ауданына қарасты Жанаталап ауылының ұстаздар отбасы жеңімпаз атанды. Отағасы Мырзабай Ерғосаевтың артында екі ұлы, бір қызы, бір келіні бар.

«Жұмыс істейтін жастардың үздік тәлімгері» номинация бойынша 35 жылдық педагогикалық өтілі бар Ескелді ауданының Екпінді бастауыш мектебі бар Жетісу орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Раушан Зайтбекова марапатталды. Панфилов ауданындағы Көктал ауылының тұрғыны «Көктал-Агро» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің мал дәрігері Бауыржан Машанбаев үздік жас өндіріс маманы атанды.

«Парыз» бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі байқауының облыстық кезеңінің жеңімпаздары да анықталды.

Көксу қант зауыты «Еңбекті қорғау саласындағы үздік кәсіпорын», «Қайнар-АКБ» аккумулятор зауыты «Үздік әлеуметтік жауапты кәсіпорын», «Үздік ұжымдық шарт» аталымы бойынша «Темірбетон» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі жеңімпаздар

қатарын толықтырды.

Облыстағы құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, ауыл шаруашылығы, ветеринария, білім, денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау, мәдениет, спорт, ақпараттық технологиялар, құқық қорғау және азаматтық қорғаныс сияқты түрлі салаға үлес қосып жүрген қызметкерлер де марапатталды. Құрмет көрсетілген еңбеккерлерге алғыс хаттар мен ақшалай сертификат табыс етілді.

– Мен құрылыста 35 жыл еңбек етіп келемін. Бұл саланы бала кезімнен жақсы көремін. Өз мамандығымды шын сүйемін. Бұл – тұрғындарға пайдасын тигізетін игі жұмыс деп есептеймін. Мәселен, өріптестерімен бірге тұрғын үй, балабақша, мектеп, медициналық мекеме салдырдық. Соның барлығы халықтың игілігіне берілді. Біздің компания жобалау және абаттандыру жұмыстарын да жүргізеді. Адал еңбегіміздің бағаланғаны қуантады. Бұл құрмет пен марапат жемісті жұмысты жалғастыру үшін құлшынысымызды арттырады, – деді «Астана-Құрылыс» ЖШС қызметкері.

«Көксу қант зауыты» АҚ директоры Алтынбек Абатов та ерекше ризашылығын білдірді.

– Қазір біздің қант зауытында жөндеу жұмыстары жүріп жатыр. Биыл егінді 1 қазанда қабылдауды жоспарлап отырмыз. 300 адамды жұмыспен қамту біз үшін үлкен жетістік. Ал зауыт іске қосылған соң жұмысшылар саны 500-ге жетеді. Бүгінгі марапат – бүкіл ұжымның бірлескен еңбегінің жемісі. Байқаудың облыстық кезеңінде жеңімпаз атанған біз енді Жетісу облысының атынан республикалық деңгейде бақ сынаймыз. Бұл – біздің ұжым үшін зор қуаныш пен үлкен жауапкершілік. Бізге артылған сенімді ақтауға тырысамыз, – деді ол.

Салтанатты шара Д. Рақышев атындағы облыстық филармония өнерпаздарының дайындаған шағын мерекелік концертпен аяқталды.

Фототілші: Дмитрий Ерофеев

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі



ЖҰМЫСШЫ
МАМАНДЫҚТАР
ЖЫЛЫ

«WORLD CLEAN UP DAY» ЖАҒАНДЫҚ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АКЦИЯ: ЖЕТИСУДА 13 МЫҢ ТҰРҒЫН ҚАТЫСТЫ, 500-ГЕ ЖУЫҚ ГЕКТАР ЖЕР ТАЗАРТЫЛЫП, 700 ТОННАДАН АСТАМ ҚОҚЫС ШЫҒАРЫЛДЫ

Жетісу облысында «World Clean Up Day» жағандық экологиялық акциясы аясында жалпыоблыстық сенбілік өтті. Оған өңірдің 13 мың тұрғыны, мемлекеттік органдар мен мекемелердің қызметкерлері, бизнес өкілдері, еріктілер және басқа да ниет білдірген жұртшылық қатысты, – деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Облыстық энергетика және ТҮКШ басқармасының мәліметінше, жалпыоблыстық сенбілікке 193 техника тартылып, 435 гектар аумақ тазартылды, 710 тонна тұрмыстық қалдық арнайы полигондарға шығарылды.

Бұл шара өңірде жүзеге асырылып жатқан «Таза Қазақстан» бағдарламасы аясындағы экологиялық бастамалардың жалғасы болды.

Жалпыоблыстық сенбілікке облыс әкімінің бірінші орынбасары Әлібек Жақанбаев және қала тұрғындары белсене қатысты. Осы күні саябақтар, скверлер мен көшелер тазаланды.

Облыстық денсаулық сақтау басқармасының «Ана мен бала» бөлімінің бас маманы Анар Қабылбаева мұндай шараларды жиі өткізу қажет деп есептейді:

– Біз үшін бұл – жай ғана сенбілік емес, балаларға табиғатты қорғаудың кішкентай істерден басталатынын көрсету. Әркім өз айналасын таза ұстаса, тұрған жеріміз де таза, өз саулығымыз да жақсы болады, – дейді ол.

Сенбілікке төрт жасар ұлы Дәрменді ерте келген талдықорғандық Рауан Мұсабеков те осындай пікірде:

– Балаларға кішкентайынан еңбектенуді, қоршаған ортаға құрметпен қарауды үйрету керек. Бүгін ұлыммен бірге қоқыс жинадық, балама бұл ойын сияқты, оған өте қызық болды, сонымен бірге пайдалы үлгі болды деп ойлаймын. Табиғатқа, туған жерге деген құрметті балалар кішкентайынан көріп өскені дұрыс, – деді.

Сенбілікке қоғам қайраткері, қаламгер Құрметбек Сансызбайұлы да ұжымымен бірге қатысты:

– Экология мәселесі ұлттың болашағы үшін маңызды. Біз жастарды табиғатқа құрметпен қарауға, өзіміз өмір сүріп отырған жер үшін жауапкершілікті сезінуге тәрбиелеуіміз керек. Мұндай акциялар қоғамды біріктіріп, дұрыс көзқарас қалыптастырады, – дейді ол.

Акция ұйымдастырушылары мен қатысушыларының айтуынша, жалпы «Таза Қазақстан» ұлттық бағдарламасы аясында өткізіліп жатқан мұндай шаралар тек айналасы таза ұстауға ғана емес, сонымен қатар болашаққа деген жауапкершілікті сезіндіруге де ықпал етеді.

Фотограф: Дмитрий Ерофеев

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

ЖЕТИСУ ОБЛЫСЫНДА КҮЗГІ ЖИЫН-ТЕРІН ЖҰМЫСТАРЫ ЖАЛҒАСУДА



Жетісу облысында қант қызылшасынан басқа барлық ауыл шаруашылығы дақылдарын жинау жұмыстары жалғасуда. Бүгінгі күнге дейін 240,6 мың га немесе 87,1% дәнді дақыл жиналды. Оның ішінде бидай мен арпаны жинау толық аяқталды. Жалпы астық жинауға 10,7 мың трактор мен 1 009 комбайн жұмылдырылған, – деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Облыстық ауылшаруашылық басқармасы мамандарының мәліметінше, қазір 3,9 мың гектар жүгері алқабы шабылып, 28 мың тонна дән жиналған. Биылғы жылы облыс бойынша жүгеріден 308 мың тонна өнім алу жоспарланыпты.

– Бүгінгі күнге дейін жалпы 439,7 мың тонна астық бастырылды. Оның ішінде бидай, арпа, сұлы, жүгері, күріш бар. Орташа түсім гектарына 18,3 центнерді құрап отыр. Жиналған астықтың 260 мың тоннадан астамы мал азығына өткізілсе, 179,4 мың тоннасы қоймаға орналастырылды, – деп атап өтті басқарма өкілдері.

Майлы дақылдарға келер болсақ, 12,6 мың гектар алқап немесе 11,8% өнім жиналып, гектарынан 17,7 мың тонна өнім алынды.

6,3 мың гектарға себілген картоптың 4,9 мың гектары немесе 78,2%-ы жиналып, 104,5 мың тонна өнім алынды. Әр гектардың өнімділігі 213,9 центнерден айналады. Сондай-ақ, көкөніс алқабының 5,6 мың гектары немесе 82,1%-ы жиналып, 169,7 мың тонна өнім алынды. Орташа өнімділік гектарына 301,6 центнер. Бақша дақылдары толығымен жиналып, 48 мың тоннадан астам өнім алынды.

Ал қант қызылшасын жинау жұмыстарын 25 қыркүйекте бастау жоспарланып отыр. Қант қызылшасының өнімін облыстағы 2 қант зауыты 1 қазаннан қабылдай бастайды.

Айта кетейік, биыл Жетісу облысында күзгі дала жұмыстарына 7 мың тонна арзандатылған дизель отыны бөлінді. Минералды тыңайтқыштарды қолдану көлемін 58,8 мың тоннаға жеткізу жоспарлануда. Бүгінгі таңда 1904 шаруа қожалығы тарапынан 50,7 мың тонна немесе 86,3%-ы сатып алынып, пайдаланылды. Жалпы, биыл өңірде көктемгі егіс және жинау жұмыстарын жүргізуге Аграрлық несие корпорациясынан 14,3 млрд теңге бөлінді. Қазіргі уақытта 323 өтінім бойынша 7,4 млрд теңге несие берілді. Өтінім қабылдау жұмыстары жалғасуда.

Фототілшілер: Дмитрий Ерофеев, Жұмабай Мұсабеков

Жетісу облысы әкімінің баспасөз-қызметі

«ТАЗА ҚАЗАҚСТАН»: ЖЕТИСУДА ЕСКЕРТКІШТЕРДІ ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ ЖҰМЫСТАРЫ 97 %, АЛ БАЛАЛАР ОЙЫН ЖӘНЕ СПОРТ АЛАҢДАРЫН АҒЫМДАҒЫ ЖӨНДЕУ 95% АЯҚТАЛДЫ



Жетісуда «Таза Қазақстан» бағдарламасы аясында аумақтарды абаттандыру жұмыстары жүріп жатыр. Соның ішінде 2 орталық алаң жаңартылды, ескерткіштерді қалпына келтіру – 97 %балалар ойын және спорт алаңдарын ағымдағы жөндеу - 95%, , саябақтарды абаттандыру – 84%, көп қабатты тұрғын үйлердің шатырын жөндеу – 76%, аллеяларды абаттандыру 66% аяқталды. Бұл туралы бүгін облыс әкімінің бірінші орынбасары Әлібек Жақанбаевтың төрағалығымен өткен «Таза Қазақстан» экологиялық бағдарламасының орындалу барысы туралы облыс әкімдігінің отырысында белгілі болды, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Жиында негізгі баяндаманы жасаған облыс әкімінің орынбасары Марлен Көлбаев өңірдегі абаттандыру жұмыстарының аяқ алысына тоқталды. Оның айтуынша, биылғы жылдың соңына дейін 21 саябақ, 6 аллея, 2 сквер, 2 орталық алаң, 49 аула, 81 балалар мен спорт алаңы

абаттандырылады, соның 64 нысанында құрылыс жұмыстары аяқталды. Сондай-ақ көпқабатты тұрғын үйлердің 59 шатыры мен 13 қасбеті жөнделді. Оған қоса 70 ескерткіш қалпына келтіріліп, 7,9 шақырым арық желілері жабдықталды, сондай-ақ 152 шақырым көше жолдарына жарық шамдары орнатылды. Бұл бағыттағы жұмыстар жалғастырылуда.

– «Таза Қазақстан» экологиялық бағдарламасы аясында облыс бойынша 151 мыңнан астам адам қатысқан экологиялық акциялар ұйымдастырылды. Соның нәтижесінде бүгінгі күнге дейін 11 486 тонна қоқыс шығарылып. Жалпы биылғы жылдың жоспары бойынша 120 мыңнан астам түп ағаш отырғызу көзделсе, соның 56 мыңнан астамы көктемде отырғызылды түп көшет отырғызылды, қалған 65 мыңы күз мезгілінде егіледі, - деген М. Көлбаев өңірде көшет отырғызу орындарын таңдау, ағаш түрлерін іріктеу мен агротехникалық талаптарды сақтау, күтіп-баптау мен суару бойынша жүйелі жұмыс қалыптастыру және нақты климаттық жағдайларды ескеру керектігін айтты. Сол сияқты жергілікті бақылау және «Ғарыш Сапары» спутниктік порталы арқылы жүргізілген бақылаулар нәтижесінде жалпы 618 рұқсатсыз төгілген қоқыс үйіндісі тіркелді. Қазіргі таңда олардың 577-і немесе шамамен 93%-ы толығымен жойылып, қалған 41-інде жою жұмыстары жалғасуда. Бір атап өтерлігі, осы жылы облыста «Үлгілі елді мекен», «Таза аудан орталығы», «Таза ауыл», «Таза аула» байқаулары ұйымдастырылуда. Сондай-ақ өңірден Панфилов ауданының Талды ауылы «Үлгілі ауыл» республикалық байқауына, ал Сарқан ауданындағы «Қойтас» саябағы скверлер арасында өтетін байқауға ұсынылды.

Жиын соңында облыс әкімінің бірінші орынбасары Әлібек Жақанбаев «Таза Қазақстан» бағдарламасының



аймақтардағы іске асырылу барысы, кемшіліктерді жою мен өзекті мәселелердің шешімі жайлы аудан, қала әкімдерінің хабарламаларын тыңдап, жиынға қатысушыларға нақты тапсырмалар берді. Ол өз сөзінде халық арасында экологиялық мәдениетті қалыптастырудың, ақпараттық түсіндіру жұмыстарын жүргізудің маңызы зор екенін атап өтті. Облыстық полиция департаментіне тазалық бойынша рейдтер жүргізіп, анықталған кемшіліктер бойынша заң аясында шаралар қабылдау қажеттігін баса айтты. Сонымен қатар құрылыс, жөндеу жұмыстары жүріп жатқан нысандардың аумағын ретке келтіру, жолдарды және елді мекендердің көшелерін күтіп ұстау, аялдамалар, жол белгілері мен жаяу жүргіншілер өткелдерін жаңарту, орман және саябақ қорларын күтіп-баптау, қалалар аумағында жасыл желектерді цифрландыру бойынша жұмыстар жүргізуді тапсырды.

Фотосуреттерді түсірген: Дмитрий Ерофеев.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ: ЖЕТИСУДА ӨТКЕН ОФЛАЙН-ХАКАТОНҒА 150-ДЕН АСТАМ АДАМ ҚАТЫСТЫ



Талдықорғандағы Жетісу аймақтық «Jetisu Digital» IT-хаб базасында өткен ірі республикалық Decentrathon 4.0 офлайн-хакатонына IT-мамандар, студенттер және заманауи технологияға қызығушылық танытатын жандардың барлығы қатысты. Барлығы 150-ден астам адам, - деп хабарлайды Жетісу облыс әкімінің баспасөз қызметі.

Хакатонды ҚР Цифрлық даму, инновация және аэроғарыш өндірісі министрлігінің қолдауымен және облыстық цифрлық технологиялар басқармасының ықпал етуімен «Astana Hub» және «Blockchain & AI Technology Center» (BAITC) ұйымдастырыпты. Мұндай ауқымды шара Талдықорғанды қосқанда 20 өңірде өткізілді.

— Бұл шара Мемлекет басшысының Жолдауын жүзеге асыру аясында өткізіліп отыр. Осыған орай жасанды интеллектіге баса көңіл бөлінуде, яғни, қатысушы командалар көптеген бағыттар бойынша бақ сынасты, оның ішінде жасанды интеллекті қолдану арқылы түрлі жобаларды жүзеге асыруға болатынын шеберлікпен көрсетті. Біріншілікке қатысқан 150-ден астам адамның жасы әркілі. Мысалы, олардың ішіндегі ең жасы 12 жаста болса, ең ересегі білікті маман болып қалыптасқан жан. Осыған қарап хакатон әрбір талантты адамның қарым-қабілетін заманауи IT-технология саласында көрсетуге мүмкіндік беретінін көрдік, - дейді басқарма басшысы Айдын Темірбаев.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, бірнеше күнге созылған хакатон бірнеше кезеңге бөлінген. Қатысушылар тәжірибелік тапсырмаларды орындап, ең жылдам блокчейн-желілердің бірінің көмегімен жобалар құрастырды, жасанды интеллект саласындағы кейстерді жетілдіру жолында жобалауды, бағдарламалауды және дайын IT-шешімдер жасауды тәжірибелі менторлардың қолдауымен меңгерді.

- Өте қызықты тәжірибені бастан өткердік. Жарыс кезінде өзіңді мемлекетті өзгертетін, келешекті қалыптастыратын алып қозғалыстың бір бөлшегіңдей сезінесің, осының бәрі өзіміздің Талдықорғанда өтті, - дейді жарысқа қатысқан Талдықорғандағы Назарбаев зияткерлік мектебінің оқушысы Диана Хасимова.

Бұл хакатонның жеңімпаздары жақында Астанада өтетін «Digital Bridge – 2025» технологиялық форумында белгілі болады. Мұндай шара үздік командалардың жобаларын кеңінен таныстыруына, инвесторлардың назарын аудартуға және тиімді идеялардың жүзеге асуына мүмкіндік береді.

Фотосуреттерді «Jetisu Digital» IT-хаб ұсынды.

Жетісу облыс әкімінің баспасөз қызметі.

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ – ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫҢ НЕГІЗІ



Ескелді ауданы — Қазақстанның оңтүстік бөлігінде орналасқан табиғаты сұлу, егістікке қолайлы жері көп өңір. Бұл аудандағы құнарлы топырақ пен еңбекқор халықтың арқасында ауыл шаруашылығы ұзақ жылдар бойы дамып келеді. Осы өңірдің тумасы, білікті және тәжірибелі егінші Ораз Әбдірахманұлы — ауыл шаруашылығын жаңғырту мен дамытуға бар күшін салып жүрген бірегей жан.

Ораз Әбдірахманұлы өзінің өмірлік ұстанымы ретінде туған жерді аялауды, ауыл шаруашылығын дамыту арқылы елге қызмет етуді қабылдаған. Оның еңбегі мен білімі ауылдағы басқа шаруаларға үлгі болуда. Егістік алқабында қызанақ, қияр, тәтті бұрыш пен қырыққабат өсіруді ұйымдастырып, сол арқылы ауыл тұрғындарына және өңірге өнім жеткізіп отыр.

Ауыл шаруашылығы – жердің бар байлығы

Қазақстанның көптеген өңірлерінде сияқты, Ескелді ауданында да ауыл шаруашылығы – халықтың негізгі тіршілігі. Ауылдағы әрбір отбасының тіршілігі осы салаға байланысты. Егіншілік пен мал шаруашылығы елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етумен қатар, экономикаға да айтарлықтай үлес қосады.

Ораз Әбдірахманұлы – осы саладағы білгір маман. Ол көкөніс өсірудің әрбір кезеңін мұқият жоспарлайды. Қызанақ пен қияр өсіруде арнайы технологиялар қолданады, топырақты тыңайтуға ерекше көңіл бөледі. Оның айтуынша, көкөністердің сапасы мен өнімділігі – бұл тек қол еңбегінің ғана емес, сонымен бірге тыңайтқыштар мен суарманың дұрыс ұйымдастырылуына байланысты.

«Жер – біздің байлығымыз, өміріміздің бастауы. Сондықтан оны сақтап, дұрыс күтіп ұстау – әрбір егінші мен фермердің ең басты міндеті. Менің тәжірибемде топырақтың құнарлылығын сақтау үшін бірнеше маңызды қағиданы ұстанамын.

Біріншіден, жерді тыңайтусыз қалдырмаймын. Органикалық тыңайтқыштарды – мал көңі мен шөп қалдықтарын үнемі қолданамын. Бұл топыраққа қажетті қоректік заттарды береді және оның құрылымын жақсартады.

Екіншіден, бір жерге бір өсімдікті ұзақ егуден аулақ боламын. Егісті ауыстырып отырғанда, топырақ өз қорын қалпына келтіріп, аурулар мен зиянкестердің таралуы төмендейді.

Үшіншіден, топырақ эрозиясын болдырмас үшін, беткей жерлерде қорғаныш желектерін отырғызуға, топырақты қопсытып, су мен желден қорғауға көңіл бөлемін.

Сонымен қатар, суды үнемдеуді де басты назарда ұстаймын. Тамшылатып суару жүйесін қолдану арқылы өсімдіктерге қажетті суды дәл жеткізіп, артық судан сақтанамын.

Жерді қүту – бұл тек техникалық іс емес, ол – біздің табиғатқа деген құрметіміздің көрінісі. Егер жерге жақсы қарасақ, ол бізге мол өнім мен берекені қайтарады.»

Көкөністердің күтімі мен ерекшеліктері

Қызанақ — күн көп қажет ететін өсімдік. Ораз Әбдірахманұлы қызанақтың топырақтағы ылғалдылығын тұрақты бақылауда ұстайды, өйткені ол судың жетіспеуінен де, артық суарудан да зардап шегуі мүмкін. Қияр да ылғалды жақсы көреді, бірақ судың дұрыс мөлшерін табу аса маңызды. Сондықтан тамшылатып суару жүйесін енгізіп, суды үнемдеумен қатар, өсімдіктің дұрыс өсуіне жағдай жасайды.

Тәтті бұрыш пен қырыққабатқа да тыңайтқыш пен сапалы су аса қажет. Ораз Әбдірахманұлы тыңайтқыштарды мезгілінде, қажетті мөлшерде қолдану арқылы өнімнің мол әрі сапалы болуына қол жеткізеді.

Қазіргі заман ауыл шаруашылығында су тапшылығы мен климаттық өзгерістер сияқты қиындықтар жиі кездеседі. Сондықтан жаңашылдықтар енгізу – өмірлік қажеттілік. Ораз Әбдірахманұлы тамшылатып суару жүйесін қолдана бастады. Бұл технология суды үнемдеуге және өсімдіктің тұрақты түрде суарылуына мүмкіндік береді.

Сонымен бірге, ол жаңа тұқымдар мен тыңайтқыштарды қолданып, агротехника әдістерін жетілдіруде. Бұрынғыдай тек қол еңбегіне сүйенбей, техниканы қолдану арқылы жұмыстың тиімділігін арттырады.

Ауыл шаруашылығы – бұл тек кәсібі ғана емес, сонымен қатар ұрпақтан ұрпаққа берілетін өнер. Ораз Әбдірахманұлы өзінің балалары мен немерелерін осы салаға баулып отыр. Олар да егіншілік пен көкөніс өсірудің қыр-сырын меңгеруде. Бұл ұрпақ сабақтастығы ауылдың, елдің болашағын қамтамасыз етеді.

Ескелді ауданының табиғи жағдайы мен еңбек адамдарының қажырлы еңбегі арқасында ауыл шаруашылығы тұрақты дамып келеді. Бұл саладағы жетістіктер – жердің құнарлылығын сақтап, заманауи технологияларды енгізгендердің жемісі.



Ораз Әбдірахманұлы – Ескелді ауданының мақтанышы, ауыл шаруашылығын жаңғыртып, дамытуға үлкен үлес қосып жүрген еңбек адамы. Оның тәжірибесі, еңбекқорлығы және жаңашылдыққа ұмтылысы ауылдағы барлық тұрғындарға үлгі. Бұл – еліміздің ауыл шаруашылығының тұрақты дамуы мен ауылдың гүлденуінің кепілі.

Бүгінгі таңда ауыл шаруашылығы тек өнім өндіру ғана емес, ол – елдің экономикасын нығайтып, халықтың әл-ауқатын арттыратын маңызды сала. Сондықтан әрбір азамат жердің құнарын сақтап, ауылды дамытуға атсалысуы керек. Ораз Әбдірахманұлының өмірі мен еңбегі осы ұлы мақсаттың нақты көрінісі іспеттес.

Дара Дана

ПРЕЗИДЕНТ ЖОЛДАУЫ – ЖАҢҒЫРУ ЖОЛЫНДАҒЫ НАҚТЫ БАҒДАР

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың биылғы Қазақстан халқына арнаған Жолдауы қоғамда кеңінен талқылануда. Мен де осы маңызды құжатпен мұқият танысып, еліміздің даму бағытына деген сенімім арта түсті.

Президент өз Жолдауында еліміздің алдағы жылдардағы әлеуметтік-экономикалық, ғылыми-технологиялық және рухани дамуына қатысты бірқатар нақты әрі ауқымды бастамаларды ұсынды. Соның ішінде жасанды интеллект пен цифрландыру саласын дамытуға басымдық берілуі – уақыт талабына сай қабылданған шешім деп есептеймін. Бүгінгі күнде әлем жоғары технологиялар дәуіріне аяқ басты, ал Қазақстан бұл үдеріске сырттай бақылаушы емес, белсенді қатысушы ретінде қадам жасап отырғаны қуантады.

Цифрлық трансформацияны стратегиялық басымдық ретінде қарастыру, Цифрлық кодекс қабылдау, IT-сектор мен технологиялық стартаптарды қолдау – бұл еліміздің озық мемлекеттердің қатарына қосылуына жол ашады.

Жолдаудағы ерекше назар аударуға тұрарлық тағы бір маңызды бағыт – білім мен ғылымды дамыту, жас таланттарды қолдау, ғылыми зерттеулерді нақты экономикамен ұштастыру. Президент білім сапасын арттыру, ғылымның мәртебесін көтеру және жас ғалымдарға жағдай жасау арқылы Қазақстанның интеллектуалдық әлеуетін нығайтуға ден қойып отыр. Бұл – ұзақ мерзімді табыстың кепілі.

Сонымен қатар, Жолдауда стратегиялық бастамалар мен азаматтардың күнделікті өміріне әсер ететін нақты қадамдар үлесім тапқан. Инфрақұрылымды жетілдіру, көлік дәліздерін жаңғырту, медициналық қызмет сапасын арттыру, мемлекеттік қызметтерді цифрландыру секілді бастамалар – халықтың әл-ауқатын арттыруға бағытталған.

Жалпы алғанда, бұл Жолдау – елді жаңғыртудың нақты жол карта-сы ғана емес, болашаққа деген сенімнің символы деп айтуға болады. Мен өз елімнің болашағына зор үмітпен қараймын. Президент ұсынған бастамалар мен реформалар – Қазақстанның орнықты, әділетті әрі дамыған мемлекетке айналу жолындағы сенімді қадам.

Асем Маратқызы

ОРТАҚ ҚҰНДЫЛЫҚ КЕПІЛІ – ТАТУЛЫҚ ПЕН ЗАҢ ҮСТЕМДІГІ



ЗАН МЕН ТӨРТИП
Қауіпсіз Қазақстан үшін!

Қазіргі таңда ел ішіндегі бейбітшілік пен тұрақтылық – Қазақстан қоғамының басты құндылықтарының бірі. Бұл құндылықтарды сақтау тек мемлекет пен құқық қорғау органдарының ғана емес, әрбір азаматтың ортақ міндеті екені айқын.

Осы ретте, Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіндегі 174-баптың алар орны ерекше. Аталған бапта әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік, тектік-топтық немесе діни алауыздықты қоздыруға қатаң тыйым салынатыны нақты көрсетілген.

Заң не дейді?

Қылмыстық кодекстің 174-бабына сәйкес, қоғамда алауыздық тудыратын әрекеттер үшін келесі жауапкершілік түрлері қарастырылған:

- Айыппұл салу,
- Қоғамдық жұмыстарға тарту,
- Бостандығын шектеу,
- 2 жылдан 7 жылға дейін, кей жағдайда одан да ұзақ бас бостандығынан айыру.

Егер мұндай әрекеттер қайталанса немесе ұйымдасқан түрде жасалса – жаза күшейтіледі. Бұл заң – еліміздегі ұлтаралық татулық пен дінаралық келісімді қорғаудың нақты құқықтық құралы.

Араздықты қоздыру – тек сөзбен емес, әрекетпен де жүзеге асады

Қоғамда алауыздық туғызу түрлі жолдармен жүзеге асуы мүмкін:

- Бұқаралық ақпарат құралдары арқылы;
- Әлеуметтік желілердегі жазбалар, пікірлер арқылы;
- Көпшілік алдында сөз сөйлеу кезінде;
- Кітап, бейнеролик, парақша, ұран немесе символикалар арқылы.

Мәселен, бір адамның бір ұлтты немесе дінді екіншісінен жоғары қоюы, басқа этносты кемсітуі, жек көрушілікке үндейтін сөздер айтуы – осы бапқа сәйкес қылмыс болып саналады.

Заң неге керек?

Бұл заң – пікір еркіндігін шектеу үшін емес, керісінше қоғамдағы араздық пен жек көрушілікке жол бермеу үшін қажет. Кез келген азамат пікір айтуға құқылы, бірақ ол өзінің сөздері мен әрекеттерінің салдарына жауапты екенін естен шығармауы тиіс.

Берімізге ортақ жауапкершілік

Қазақстан – көпұлтты ел. Біздің артықшылығымыз – осы әртүрліліктің ішінде бірлікті таба білуімізде. Ұлтаралық және дінаралық татулық — елдің тұрақтылығы мен дамуының негізі.

174-бап — осы тұрақтылықты қорғауға арналған заңнамалық қалқан. Ол әр адамның сөз мәдениетін, құқықтық сауаттылығын және жауапкершілігін арттыруға бағытталған.

Заң – пікір еркіндігін шектемейді, жауапкершілікке үндейді

Бұл заң пікір білдіру бостандығына қарсы емес. Керісінше, ол пікір айту мәдениетін қалыптастырып, өзгені ар-намысына, діни немесе ұлттық болмысына тіл тигізуге жол бермеуге бағытталған. Себебі сөз де – әрекет.

Ал әр әрекет – салдар тудырады.

Татулықты сақтау үшін қоғамдағы әрбір адам:

- Өз сөзінің салдарына жауапты болуы керек;
- Басқа ұлттың, діннің өкілдеріне құрметпен қарауы қажет;
- Қоғамдағы келісімді құндылық ретінде бағалауы тиіс.

Ұлтаралық татулық – тұрақтылықтың тұғыры

Қазақстан – көпұлтты, көпконфессиялы мемлекет. Біздің басты байлығымыз – бірлік пен өзара түсіністік. Мемлекеттің дамуы да осы тұрақтылықтың негізінде ғана жүзеге асады.

Сондықтан 174-бап – тек жазалау құралы ғана емес, қоғамды қорғау мен бейбітшілікті сақтау үшін қажет алдын алу тетігі. Ол – ортақ құндылықты сақтау жолындағы маңызды құрал.

Әрбір азамат заң талаптарын біліп, өз пікірінің, сөзінің, әрекетінің жауапкершілігін түсінуі – қоғамдық келісімді сақтаудың негізі.

Татулық, төзімділік пен құрмет – бізді біріктіретін басты күш. Оны сақтау – берімізге ортақ парыз.

Айнұр Сатыбалдықызы

«ТАЗА ҚАЗАҚСТАН» АКЦИЯСЫ – ТАЗАЛЫҚҚА БАСТАЙТЫН БІРЛІК ІСІ

Елімізде экологиялық мәдениетті қалыптастыру мен қоршаған ортаны қорғау мақсатында жыл сайын өткізілетін «Таза Қазақстан» республикалық акциясы қоғамда үлкен қолдау табуда. Биыл бұл бастама аясындағы игі істер Ескелді ауданында да кең көлемде жалғасын тапты.

Аудан әкімі Елдос Ахметовтың бастамасымен ұйымдастырылған жалпыаудандық сенбілік – туған жердің табиғатын аялауға бағытталған үлкен шара болды. Бұл күнгі сенбілікке аудан орталығы мен ауылдық округтердің барлық мекемелері, ұйымдар мен кәсіпорындар, білім беру, денсаулық сақтау саласының қызметкерлері, жастар ұйымдары және белсенді тұрғындар бір кісідей атсалысты.

Қоршаған орта – ортақ үйіміз
Сенбілік барысында елді мекендер мен қоғамдық орындарда қоқыс жиналып, аулалар, жол бойлары, саябақтар мен өзен-көл жағалаулары тазартылды. Кейбір елді мекендерде ағаштар мен бұталар қырқылып, көшелер әктеліп, көгалдандыру жұмыстары жүргізілді. Қараусыз қалған жерлердің бет-бейнесі тазартылып, көз сүйсінерлік келбетке ие бола бастады.

Бұл тек қоқыс жинау шарасы ғана емес, табиғатқа деген құрметтің, туған жерге деген жанашырлықтың көрінісі болды. Адамдар тек жұмыс істеп қоймай, бір-біріне көмектесіп, ұйымшылдық пен жауапкершілік танытты. Мұндай ұжымдық іс-шаралар азаматтық сана мен экологиялық мәдениетті қалыптастырудың таптырмас жолы.

Бірлік бар жерде – береке бар
Тазалық шарасына шыққан әрбір азаматтың бойынан туған жерге деген сүйіспеншілікті, қоғам алдындағы жауапкершілікті байқауға болады. Бұл – ұрпаққа үлгі боларлық іс. Осындай сенбіліктер арқылы жастар да табиғатты құрметтеуді, қоршаған ортаны таза ұстаудың маңызын бойларына сіңіреді.

«Таза Қазақстан» акциясы – тек бір күндік шара емес, бұл – өмір сүру салтымызға айналуы тиіс тұрақты бастама. Ескелді ауданында өткен бұл сенбілік қоғамның бірлігін, ортақ іске жұмыла білу қабілетін тағы бір дәлелдеді. Ең бастысы – туған жердің көркіне көрік қосылып, ел ішінде экологиялық сана нығая түсті.

Әр адам өз ауласын, көшесін, ауылын таза ұстаса – тұтас елдің экологиялық жағдайы жақсарары сөзсіз. Осындай игі істер жалғасын тауып, ұрпаққа жасыл, таза, көркем Қазақстанды аманат ете білейік!

Дара Дана

ОТБАСЫ – АЛТЫН ДІНГЕК



Отбасы адамға бақыт, толық мәнді тыныс – тіршілік әкеледі. Отбасының басты қазығы, алтын діңгегі – бала. Баланың тәрбиелі жан - жақты болып өсуіне берекелі, өнегелі, ынтымақты отбасының ықпалы мол. Отбасы ата мен баланың, келін мен ененің және басқа да отбасы мүшелерінің жылы қарым - қатынасынан құрылады. Отбасы берекелі, тату болу үшін сыйластық, мейірімділік, жанашырлық, бауырмалдық қасиеттер әр адамның жүрегінен орын алуы керек. Отбасын құрғанда Адам өмірге ұрпақ әкеліп қана қоймай, сонымен бірге оған жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарды, ата - бабасының салт - дәстүрін, жас ұрпақтың бойына сіңіртеді. Балаларын өздерін қоршаған ортаға және қоғамға пайдалы аза-

мат етіп өсіру – ата - ананың ең маңызды міндеті.

«Отан оттан басталады» дейді халқымыз. Елдің, ұлттың, жалпы адамзаттың болашағы, даму деңгейі осы отбасынан басталады.

Әке – асқар тау
Болаттай берік, құрыштай қайсар рухы бар әкенің өз перзентіне көрсетер үлгі - өнегесі мол. Отбасының, балалардың, әке – шешесінің қамын ойлап, туған – туысқа көмек жасайды. Шығыс халқы “Әкеден артық арман жоқ, әкеден артық қорған жоқ, әкеден артық дана жоқ, әкеден артық пана жоқ” деп әкені айрықша дәріптеген.

Дін мысылман жолында Әкені құрметтеу – айрықша парыз.

« Әкеге бағыну – Аллаға бағыну. Оның алдында күнәһар болу – Алла алдында күнәһар болу»

дейді Пайғамбарымыз.

Ана – аққан бұлақ
Ана есіміне қатыссыз дүниеде қасиетті ештеңе жоқ. Сондықтан «Ананы» ардақтамайтын халық та жоқ. Ана баланы тоғыз ай көтеріп, толғатып, дүниеге келтіріп қана қоймай, көзінің қарашығындай қорғап, аялап өсіріп, аяғынан тік тұрғызатын да ана. Олай болса ы. Алтынсариннің бала ұғымына лайық тілмен ананың қадір – қасиетін жүрекке жылы етіп жеткізген.

Барша анаға тән қасиет осындай, балалар. Мұхаммед пайғамбарымыздың хадистерінде де ең алдымен ананы құрметтеу парыз екені айтылады. Ананың баланы қаншалықты шексіз сүйетінін білдіретін көңілсіз мысал. Ата - ананың үміт - арманы баласымен бірге жасайды. Сол себепті олардың бар тілеуі балаға бағышталған.

Бала – бауырыңдағы құрақ
Ата - анасыз өмір жоқ, яғни адам жоқ. Демек ата - ана өмірінің жалғасы – бала. Бала – ата - ананың бауыр еті. Баланың кісілік келбетін қалыптастыратын ортасы – өзінің ұшқан ұясы. «Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілерсің», - дейді халқымыз. Айналадағы адамдарды сыйлау ата - ананы құрметтеуден басталады. Әке - шешесін, бауырларын қадірлеп, құрметтей алмаған адам өзге ешкімді сыйлап та жарытпайды.

Г.СЫДЫКОВА,
Жалғызағаш ауылдық кітапханасының кітапханашысы

ВЕЛОСПОРТТАН ҚАЗАҚСТАН ЧЕМПИОНАТЫ



2025 жылдың 18 қыркүйек күні Ескелді ауданының Қарабұлақ ауылының орталық алаңында 15–16 жас аралығындағы ұлдар арасында велоспорттан Қазақстан Чемпионаты өз жалғасын тапты.

Аудан әкімінің орынбасары Байұзақова Жанар Қанатқызы спортшыларға сәттілік тілеп, жарыстың ашылу салтанатын ресми түрде ашып берді.

Жарыс жас спортшылардың шеберлігін шыңдап, салауатты өмір салтын насихаттауға бағытталған.

Г.ОМАРОВА,

«Спортты дамыту және бұқаралық-спорттық іс-шараларды өткізу дирекциясы» КММ-сі Ескелді аудандық филиалының жетекшісі

ХАЛЫҚТЫҢ ЖАДЫНДА



Сүйінбай Аронұлының туғанына - 210 жыл. Кезінде Жамбылдың өзі: Менің пірім- Сүйінбай, сөз сөйлемен сыйынбай деген екен. Сол Сүйінбайдың айтқандары, өлең- жырларымен дастандары қанша уақыт өтсе де халықтың жадында. Олай дейтінім оның жырлары өткірлігімен және кең ауқымды поэтикалық мазмұнымен ұмытылмақ емес.

Таяуда М.Байысов ауылдық кітапханасының ұйымдастыруымен өткізілген шара да соның бір дәлелі. Онда халық ақыны Сүйінбай Аронұлының туғанына 210 жыл толуына орай «Әлемнің асыл қазынасы мәдени мұралар « атты дөңгелек үстел өткізілді. Шара барысында сөз алған кітапханашылар мен оқырмандар және Т. Рустембеков атындағы мектеп қабырғасында білім алып жүрген оқушылар да Сүйінбай ақын туралы өз білгендерін ортаға салды. Ондағы мақсат: халық ақының өмірі, ақындық жолға түсуі, шығармаларының тақырыбы, айтыс өнеріндегі өшпес орны туралы оқушылардың білгендерін кеңейту.

Сүйінбайдың дақын елге жайған, ауыздан тараған шығармаларының бір шоғыры өз кезіндегі хан қара, би төре, бай манаптарға, көз көрген замандарына қарата айтылған өлеңдері, ол бір жағынан елдің мұның мұндап, жоғын жоқтайтын, табанды да турашыл азаматтың тұлғасын танытып отырса, екінші жағынан айтар ойын ұрымтал образ, ұтқыр ой арқылы жеткізуге шебер ақынның тегеурінді қарымын танытады. Сүйінбайдың, әсіресе, айтысқа түскенде қынынан суырылған қылыштай жарқылдап, өзінің туа біткен ақындық дарынымен қауышқандай әсерге бөлеп отырады. Оның Майлықожамен, Арыстанбекпен айтыстары нағыз шамасына шаң жуытпайтын жүйріктің айғағы.

Сүйінбай шығармашылығы — халық мұңын мұңдап, жоғын жоқтаған, әділдік пен шындықты ту еткен өткір де тапқыр поэзия. Ол өз заманының хан-сұлтаны, би-төресі мен бай-манабына батыл сөз айтып, халықтың шынайы үні бола білді. Оның шығармаларында әлеуметтік теңсіздік, елдік, ерлік тақырыптары кеңінен көрініс тапты

Халықтың ақыны туралы осы шара барысында сөз алғандар өз айларын бүкпесі ортаға салып, ақынға арналған өз өлеңдерін де оқыды. Сүйінбай поэзиясы арқылы қазақтың айтыс өнерінің өресі анағұрлым ұзарып, биіктеп, тақырыбы да едәуір кеңейгенді де кеңінен аталып өтті.

Жалпы Сүйінбай ақының қалдырған жыр - дастандары халық жадында екендігін осы жолғы оқырмандар мен өткізілген дөңгелек үстел барысында да айқын көрсете білді.

Сүйінбай ақын — тек өткеннің емес, бүгін мен келешектің де ақыны. Оның жырларындағы өршіл рух, отты ой, өткір тіл — бүгінгі ұрпақ үшін де маңызды.

Ол қазақтың сөз өнерін биікке көтеріп, өлеңді шындықтың айнасына айналдырды. Мұндай тұлғаларды насихаттау, олардың мұрасын ұрпаққа жеткізу — әрбір ұстаздың, ата-ананың, мәдениет қызметкерлерінің, әсіресе кітапханашылар мен оқырмандардың қасиетті міндеті.

Роза Досымбекова

М. Байысов ауылдық кітапханасының кітапханашысы

ГРЕК-РИМ КҮРЕСІНЕН ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНЫҢ АШЫҚ БІРІНШІЛІГІ



Ислам 2 орын, Молдағали Сырым 1 орын, Губеров Ахмат 1 орын, Жанатбек Айбар 1 орын иеленді. Жалпы командалық есепте Ескелді ауданы 2 орын иеленді.

ЖАТТЫҚТЫРУШЫЛАР: НУГМАНОВ АДЛЕТ, НУСИП ҚАНАТ, СЕЙСЕН ТАҢЖАРЫҚ ҚҰТТЫҚАЙМЫЗ

2025 жылдың 19 - 21 қыркүйек күндері аралығында Талдықорған қаласында грек-рим күресінен 2011-2012, 2013-2014, 2015-2016 ж.т жасөспірімдер арасында Жетісу облысының ашық біріншілігі өтті.

Аталған жарысқа 15 командада 300 ден аса спортшы қатысты. «Жетісу облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы» мемлекеттік мекемесі Ескелді ауданының балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесінен 13 спортшы қатысып, жарыс қорытындысы бойынша Молдағали Сырым 3 орын, Сессия Айсұлтан 3 орын, Жәкен Әлішер 3 орын, Алимер Сұңқар 3 орын, Тұрсын Елжан 2 орын, Ерланұлы

Адильбеков Қапалбай Қуатұлы,
«Жетісу облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы» мемлекеттік мекемесі
«Ескелді ауданының балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі -Директоры

ЖЕТИСУ ОБЛЫСЫНЫҢ МАҚТАНЫШТАРЫ: АЗИЯ ЧЕМПИОНДАРЫНА ҚҰРМЕТ КӨРСЕТІЛДІ



2025 жылдың 20 қыркүйек күні Талдықорған қаласында Жетісу облысының бокс федерациясының президенті Қанағатов Әсет Серікұлы «Жетісу облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы» мемлекеттік мекемесі Ескелді ауданының балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесінің спортшылары, Азия чемпиондары Кумарбеков Нурхан мен Егінбайқызы Құралайды марапаттады.

ЖАТТЫҚТЫРУШЫЛАРЫ: БЕЙСПЕКОВ СЕРІК, КЕРИКБАЕВ ДАРХАН
ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ

Адильбеков Қапалбай Куатұлы,
«Жетісу облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы» мемлекеттік мекемесі
«Ескелді ауданының балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі -Директоры

ҚАРАБҰЛАҚ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНІҢ КӨШЕЛЕРІН ҚАЙТА АТАУ ТУРАЛЫ

«Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 14 - бабының 4) - тармақшасына сәйкес, Қарабұлақ ауылдық округі халқының пікірін ескере отырып және 2025 жылғы 15 тамыздағы Жетісу облысының ономастика комиссиясының қорытындысы негізінде, Ескелді ауданының Қарабұлақ ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Қарабұлақ ауылдық округінің келесі көшесі қайта аталсын: Қарабұлақ ауылындағы «8 Марта» көшесі «Наурыз» көшесі болып қайта аталсын.
2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Қарабұлақ ауылдық округі әкімінің орынбасары Қ. Серіковқа жүктелсін.
3. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

С. ОНАЛБАЕВ,
Қарабұлақ ауылдық округінің әкімі

О ПЕРЕИМЕНОВАНИИ УЛИЦ КАРАБУЛАКСКОГО СЕЛЬСКОГО ОКРУГА

В соответствии с подпунктом 4) статьи 14 Закона Республики Казахстан от 8 декабря 1993 года» Об административно-территориальном устройстве Республики Казахстан», с учетом мнения населения Карабулакского сельского округа и на основании заключения ономастической комиссии Жетысуской области от 15 августа 2025 года, аким Карабулакского сельского округа Ескельдинского района ПРИНЯЛ РЕШЕНИЕ:

1. Переименовать следующую улицу Карабулакского сельского округа: Переименовать улицу «8 Марта» в селе Карабулак в улицу «Наурыз».
2. Контроль за исполнением настоящего решения возложить на заместителя акима Карабулакского сельского округа К. Серикова.
3. Настоящее решение вступает в силу со дня государственной регистрации в органах юстиции и вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня его первого официального опубликования.

С. Оналбаев,
Аким Карабулакского сельского округа

ЕГІНДЕРДЕГІ ӨРТТЕР

Астық алқабы - өрт шығу қауіпі жоғары аумақтың бірі. Дәнді дақылдар, өсімдіктер, шөптер – бәрі де құрғақ ыстықта өрт шығу қауіпін үдетеді. Астық алқабы өртенсе, өрт қысқа уақыт ішінде үлкейіп, жайылып кетеді. Әсіресе желді күні өрт бүкіл астық алқаптарына тез арада таралады. Сондықтан астық алқабын өрттен сақтау үшін төмендегі аталған шараларды қолдану керек:

- астық жинау кезеңі басталмас бұрын, оған жұмылдырылған барлық тұлғаларға өртке қарсы нұсқаулықтан өту қажет;
- өрт кезінде өрт сөндіру бөлімшелерін шақыру тәртібін белгілеу;
- астық жинау алқабында күні-түні кезекшілік қою;
- масакты егін пісер алдында олардың орман алқаптарына, дала жолағына, автомобиль жолдарға іргелес жерлерінде ені кемінде 4 метр жолақ шабылып және жыртылуы қажет;
- астық алқаптарының алаңы кемінде 50 гектар учаскелерге бөлуі қажет.

Өрт сөндіру шаралары жан-жақты алдын ала дайындалуы тиіс. Өрт кезінде техниканы, малдарды қауіпсіз жерге көшіру қамтамасыз етілуіге тиіс. Өрт сөндіруге жауапты адам әкімшіліктерге өрт сөндіру барысы туралы үзбей хабарлама беріп тұруы тиіс.Дер кезінде істелген шаралар сіздің денсаулығыңыздың, тыныштығыңыздың кепілі бола алады, мемлект және халық мүлкін апаттан қорғап қалады.Өрт туындағын кезде өрт сөндіру қызметіне «101» үй телефоны немесе ұялы телефонымен қонырау шалыңыз.

Қ. ӘШІМОВ ,
Ескелді ауданының ТЖБ аға инженері
азаматтық қорғау капитаны

ПРОФИЛАКТИКА ТОКСОПЛАЗМОЗА

Токсоплазмоз- это широко распространенное заболевание людей и животных с различными клиническими проявлениями: от здорового бессимптомного носительства до тяжелых форм болезни. Заболевание проявляется в двух клинико-эпидемиологических формах – приобретенной и врожденной.

Токсоплазма – простейшее, внутриклеточный паразит. Она неустойчива к воздействию термических и химических факторов: нагревания, раствора хлорамина, 50°С спирта и др. Возбудитель сохраняется во внешней среде 1,5 – 2 года.

Источник инфекции – домашние кошки, промежуточные хозяева: собаки и сельскохозяйственные животные, в том числе и человек.

Основные пути передачи: пищевой, водный и бытовой. Основной фактор передачи - сырое или недостаточно термически обработанное мясо (мясной фарш) с находящимися в нем цистами токсоплазм. Наиболее чаще их содержат баранина и свинина. Фактором передачи может быть также плохо вымытая зелень, овощи, фрукты (с земли), грязные руки. Заражение может происходить трансплацентарно - от матери к плоду во время беременности, возможна передача при переливании крови, пересадке органов. Скрытый период длится в среднем до 2 недель, но иногда может затягиваться до нескольких месяцев.

Свежая приобретенная инфекция протекает с лихорадкой, ознобом, болями в мышцах и резкой утомляемостью. Хроническая приобретенная инфекция встречается чаще, чем острая и протекает в виде функциональных расстройств и аллергических реакций. Наблюда-

ется длительная температурная реакция, у женщин в этой стадии бывают специфические заболевания гениталий. Поражения глаз проявляются хориоретинитом, увеитом, прогрессирующей близорукостью. У половины больных отмечается увеличенная печень. У женщин происходит нарушение менструального цикла, у мужчин - развивается импотенция. Наиболее частым проявлением как острого, так и хронического токсоплазмоза является лимфаденопатия. Возможно развитие токсоплазменного энцефалита. Врожденный токсоплазмоз: при заражении матери в I триместре беременности тяжело протекающий врожденный токсоплазмоз может развиваться у 15-25% детей, в тяжелых вариантах ее течения в этом периоде могут быть спонтанные аборт, мертворождения, гидроцефалия и др.; в III триместре инфицированными оказываются 50-65% новорожденных, но инфекция протекает малосимптомно. Если женщина инфицируется до беременности (за 6 месяцев), внутриутробного инфицирования не наступает. Если заражение наступает незадолго до беременности, риск развития врожденного токсоплазмоза очень мал.

Женщина способна передать токсоплазменную инфекцию плоду только один раз в жизни - в первые три месяца беременности. Никогда при повторной беременности женщина не передавала плоду токсоплазмоз, если она раньше была инфицирована.

При острой форме врожденного токсоплазмоза у новорожденного отмечается высокая лихорадка, экзантема, увеличение лимфатических узлов, поражение печени и селезенки, нередко желтуха. Воз-

можны тяжелые поражения ЦНС в виде энцефалита. Могут развиваться хориоретинит, кальцификаты в головном мозге, гидроцефалия, снижение интеллекта, судорожный эпилептиформный синдром.

Хроническая форма врожденного токсоплазмоза может развиваться несколько лет и проявиться в виде олигофрении, хориоретинита, эписиндрома.

Клинические проявления инфекции отмечаются у ослабленных лиц, а также у лиц с явлениями приобретенного или врожденного иммунодефицита.

Лабораторная диагностика. Для подтверждения диагноза или его исключения необходимы лабораторные исследования с токсоплазменным диагностиком.

Профилактика:

- исключить из пищи сырое и недоваренное мясо;
- исключить дегустацию сырого мясного фарша;
- мыть руки после контакта с сырым мясом;
- мыть руки после контакта с почвой на огороде, в саду и т.п.;
- чисто мыть овощи, зелень и фрукты (с земли);
- не содержать в доме кошку или удостовериться у ветеринарного врача об отсутствии у нее ооцист токсоплазмы в фекалиях;
- не кормить кошку сырым мясом и субпродуктами;
- ежедневно очищать и дезинфицировать кипятком туалет кошки, соблюдать при этом все меры предосторожности (использовать перчатки).

Е.СЕЙСЕМБИНОВ,
Руководитель Ескельдинского районного УСЭК

ЧЕМ СТРАШЕН ТОКСОКАРОЗ

Токсокароз — это паразитарная инфекция, вызванная круглыми червями токсокарами. Вообще это болезнь животных, преимущественно семейства псовых. Человек для токсокара — биологический тупик. Токсокара откладывает около 20 0000 яиц в сутки. Они попадают на почву и растения, а оттуда на шерсть собак. Заражение токсокарозом происходит при проникновении яиц токсокар в организм человека с пищей и водой, бытовым, контактным, фекально-оральным путем. Инфицирование возможно при контактировании с животными, особенно бездомными, и землей обсеменённой яйцами. Наиболее распространенные источники заражения — щенки, беременные и лактирующие суки. Распространению токсокароза в быту способствуют тараканы, они поглощают яйца гельминтов с последующим выделением

части живых особей.

Симптоматика весьма обширна, так как зависит от того, в какие органы попали личинки. В острый период признаки болезни схожи с симптомами других гельминтозов. Среди общих для всех форм болезни следующие признаки: температура с ознобом до субфебрильной в легких случаях до +39 С, может длиться до 3 недель, головные боли умеренной интенсивности, потеря аппетита, тошнота, нелокализованные боли в животе, диарея, с увеличение размера лимфоузлов, печени, селезенки, от легкого ночного покашливания до бронхиальной обструкции, пневмонии, признаков удушья, цианоза, крапивница, папулезные высыпания, чаще они появляются на коже поясничного отдела и конечностей. При легких и среднетяжелых формах токсокароза прогноз благоприятный. Полное выздоровление без осложнений отмечается у 90% пациентов.

Профилактика состоит из прове-

дения общесанитарных мер защиты окружающей среды. В первую очередь необходимо создавать специальные места выгула для собак. Фекалии необходимо утилизировать, не оставлять их на земле. Также владельцам собак необходимо проводить регулярную дегельминтизацию, а уличные бродячие животные должны быть отловлены.

Особое внимание следует уделять гигиене. Необходимо тщательно мыть руки после возвращения домой, избегать контактов с чужими животными. Нельзя есть еду на улице, если нет возможности помыть или продезинфицировать руки. Овощи и фрукты должны быть хорошо вымытыми. Детям необходимо прививать навыки гигиены с самого детства. В процессе игры в песочнице важно не допустить поедания песка и почвы, после не менее важно помыть малыша.

Е.СЕЙСЕМБИНОВ
Руководитель Ескельдинского районного санитарно-эпидемиологического контроля

БАСТАУЫШ ПАРТИЯ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ ЕКІ КҮНДІК ФОРУМЫ ӨЗ МӘРЕСІНЕ ЖЕТТІ



«AMANAT» партиясының бастауыш ұйымдарына арналған екі күндік семинар-тренинг өз жұмысын аяқтады. Форумға өңірден бастауыш партия ұйымдарының төрағалары мен белсенділері қатысып, ұйымның әлеуетін арттыру, тиімді коммуникация және көшбасшылықты дамыту мәселелері талқыланды,

қ а т ы с у ш ы л а р партияның негізгі бағдарламалық құндылықтарын ортаға салып, саяси белсенділікті арттыру жолдарын қарастырды.

Шара барысында бастауыш партия ұйымының төрағаларына партиямыздың құндылықтарын дәріптеуге, ұйымшылардың азаматтық белсенділіктің жарқын үлгісін

көрсетуге қосқан үлесі үшін «AMANAT» партиясы атқарушы хатшысының алғыс хаттарымен марапатталды.

Сонымен қатар екі күндік форумға белсене қатысқаны үшін алғыс хаттар мен арнайы сертификаттар табысталды.

«AMANAT» партиясы Жетісу

облыстық филиалының төрағасы Арыстанғали Арын айтуынша:

- «Бастауыш партия ұйымдары – партиямыздың тірегі. Сіздер арқылы халықпен тікелей байланыс орнатылып, азаматтардың мәселелері дер кезінде көтеріліп, шешімін табады.

Сондықтан біз үшін әрбір бастауыш ұйымның әлеуетін арттыру аса маңызды»-дейді ол.

Шара соңында Талдықорған қаласының күніне орай бастауыш партия төрағалары мен белсенділер «QAZAQSTAN» жазуы бейнеленген шарларды әуеге ұшырды.Ұлттық бірегейлікті айқындайтын жаңа бастама – «QAZAQSTAN» жазуын ұлттық брендке айналдыру бойынша ақпараттық-насихат жұмыстары бастау алды.

Бұл символикалық шара тәуелсіздік пен бірлікті дәріптеуге, жаңа дәуірдің бейнесін қалыптастыруға бағытталды.

ЕСКЕЛДІ АУДАНЫНДА ТҰРҒЫН ҮЙ КӨМЕГІН КӨРСЕТУДІҢ МӨЛШЕРІ МЕН ТӘРТІБІН АЙҚЫНДАУ



2024 жылдың 29 наурыз айындағы «Ескелді ауданында тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібін айқындау туралы» аудандық мәслихатының №23-76 шешімі негізінде - Тұрғын үй көмегі жергілікті бюджет қаражаты есебінен Қазақстан Республикасының аумағындағы жалғыз тұрғынжай ретінде меншік құқығында тұрған тұрғынжайда тұрақты тіркелген және тұратын аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға), сондай-ақ мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілген тұрғынжайды және жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғынжайды жалдаушылар (қосымша жалдаушылар) өтініш жасай алады.

Мынадай құжаттарды қоса береді:

- 1) өтініш берушінің жеке басын куәландыратын құжат (жеке басын сәйкестендіру үшін түпнұсқасы

беріледі);

- 2) Отбасын табысын растайтын құжаттар (жалақы, зейнетақы, жекеменшік құжаттар, алимент, көпбалалы отбасының табысын растайтын құжаттар)
- 3) жұмыс орнынан немесе жұмыссыз адам ретінде тіркелуі туралы анықтамa;
- 4) Казпочтаның шоты;
- 5)Тұрғын үйге құқықтық растайтын құжаттар (жалға алу келісімшарты, жекеменшік құжаттар);
- 6) коммуналдық қызметтердің түбіртектері.

«Тұрғын үй көмегін тағайындау» мемлекеттік қызметін тоқсанына бір рет Ескелді ауданы, Қарабұлақ ауылы, Шестаков 17 мекен-жайы бойынша «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес АҚ арқылы немесе www.egov.kz «электрондық үкімет» веб-порталында ресімдеуге болады.

Анықтама телефоны: 3-20-54

Отдел занятости и социальных программ Ескельдинского района на основании решения районного маслихата от 29 марта 2024 года №23-76 «об определении размера и Порядка оказания жилищной помощи в Ескельдинском районе» - Жилищная помощь предоставляется малообеспеченным семьям (гражданам), постоянно зарегистрированным и проживающим в жилище, находящемся на праве собственности в качестве единственного жилища на территории Республики Казахстан за счет средств местного бюджета жилища, предоставленного из государственного жилищного фонда, и жилища, арендованного местным исполнительным органом в частном жилищном фонде (субарендаторы).

С предоставлением следующих документов:

- 1)документ, удостоверяющий личность заявителя (оригинал выдается для идентификации личности);
- 2) документы, подтверждающие доход семьи (заработная плата, пенсия, личные документы, алименты, подтверждающие доход многодетной семьи);
- 3) Справка с места работы или о регистрации в качестве безработного лица;
- 4) Счет Казпочты;
- 5)Документы, подтверждающие право на жилище (договор аренды, частные документы);
- 6) Квитанции коммунальных услуг.

Оказание государственной услуги: назначение жилищной помощи один раз в квартал по адресу: Ескельдинский район, село Карабулак, Шестаков 17 через некоммерческое АО Государственная корпорация «Правительство для граждан» или www.egov.kz оформить можно на веб-портале «электронного правительства».

Справки по телефону: 3-20-54

Ескелді аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі

ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНДА КВАЗИМЕМЛЕКЕТТІК СЕКТОР СУБЪЕКТІЛЕР ТАРАПЫНАН ЖІБЕРІЛГЕН МОНОПОЛИЯҒА ҚАРСЫ ЗАҢНАМАНЫ БҰЗУ ДЕРЕГІ ЖОЙЫЛДЫ

ҚР Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің Жетісу облысы бойынша департаменті жүргізген мониторинг қорытындысы бойынша квазимемлекеттік сектор субъектілері тарапынан бәсекелестік заңнамасының бұзылуы анықтады.

Белгілі болғандай, кейбір субъектілердің жарғыларында монополияға қарсы органмен міндетті келісуден өтпеген қызмет түрлері көзделген, бұл Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексінің 192-бабының талаптарына қайшы келеді.

Мәселені қарау нәтижесінде Департамент заң бұзушылықтарды жою туралы нұсқамалар шығарды, бүгінгі күні олар толық көлемде орындалды.

Анықтама үшін: акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) 50 % астамы мемлекетке тиесілі заңды тұлғалардың қызмет түрлерін кеңейту немесе өзгерту тек бәсекелестікті қорғау және дамыту саласындағы уәкілетті органмен келісу арқылы жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің Жетісу облысы бойынша Департаменті

ҚҰРМЕТТІ ҚАРАТАЛ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНІҢ ТҰРҒЫНДАРЫ!

Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің м.а. 2020 жылдың 31 қаңтары №39/НҚ бұйрығымен бекітілген мемлекеттік қызметтер тізіліміне сәйкес, «Ескелді ауданы Қаратал ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ-сі төмендегідей мемлекеттік қызмет түрлерін көрсетеді:

Жер учаскесін алу үшін кезекке қою; Жер учаскесін жекеменшікке ақысын бірден немесе бөліп төлеу арқылы сату; Сауда - саттықты (конкурстарды, аукциондарды) өткізуді талап етпейтін мемлекет меншігіндегі жер учаскелеріне құқықтарды алу; Кент, ауыл жерлерінен жер учаскесін беру; Жер учаскелерінің нысаналы мақсатын өзгертуге шешім беру.

Толық ақпаратты мына мекен жайымыздан біле аласыздар: Қаратал ауылы Алмабала Жетпісбайқызы көшесі 59, телефон: 8(72836)50140, электронды пошта: gukaratkz@mail.ru.

Қаратал ауылдық округші әкімінің аппараты

УВАЖАЕМЫЕ ЖИТЕЛИ КАРАТАЛЬСКОГО СЕЛЬСКОГО ОКРУГА!

Согласно реестра государственных услуг от 31 января 2020 года №39/НҚ утвержденный приказом и.о. министра цифрового развития, инноваций и аэрокосмической промышленности Республики Казахстан. Аппарат акима Каратальского сельского округа оказываются следующие виды государственных услуг: Постановка на очередь на получение земельного участка; Продажа земельного участка в частную собственность одновременно либо в рассрочку; Приобретение прав на земельные участки, которые находятся в государственной собственности, не требующее проведения торгов (конкурсов, аукционов); Предоставление земельного участка из земель поселка, села; Выдача решения на изменение целевого назначения земельного участка.

Дополнительную информацию можно узнать: село Каратал, улица Алмабала Жетписбайқызы 59, телефон: 8(72836)50140, электронный адрес gukaratkz@mail.ru.

Аппарат акима Каратальского сельского округа

УВЕДОМЛЕНИЕ

Аппарат акима Каратальского сельского округа Ескельдинского района, на основании Правил благоустройства территории городов и населенных пунктов области Жетісу от 14 декабря 2022 года №13-42, просит Вас провести уборку прилегающей территории. Очистить и углубить арыки, вырубить дикие дере-

вья, провести побелку, покраску ограждений. Вывезти бытовые отходы в специально отведенный мусорный полигон.

В случае нарушения требования вышеуказанных правил будут налагаться взыскания согласно ст. 505 Кодекса Республики Казахстан «Об административных правонарушениях»

Согласно «Общим требованиям к пожарной безопасности»

разведение костров, сжигание отходов и тары должно осуществляться на расстоянии не менее 50 м от зданий и сооружений. Просим строго соблюдать правила пожарной безопасности! Дополнительно предупреждаем, во время купального сезона, запрещается купаться на реках и на канале ГЭС.

Аппарат акима Каратальского сельского округа

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ САЛАСЫНДА

Мемлекеттік қызметтің әдептік және құқықтық аспектілерін талқылау бойынша кездесулер өткізу бастамасы жергілікті атқарушы органдары жұмысының тиімділігін арттыруға және мемлекеттік қызметшінің оң имиджін қалыптастыруға ықпал етеді.

Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Жетісу облысы бойынша департаментімен Жетісу облысы бойынша Сауда және тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаменті, Ұлттық статистика бюросының Жетісу облысы бойынша департаменті, Жетісу облысы бойынша жер ресурстарын басқару департаменті және Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Жетісу облысы бойынша аумақтық инспекциясында мемлекеттік қызметшілер арасында мемлекеттік қызмет туралы заңнаманы, мемлекеттік қызметшілердің Әдеп кодексін бұзушылықтардың алдын алу және мемлекеттік қызмет саласындағы мәселелері бойынша түсіндіру семинарлар өткізілді.

Іс-шараның мақсаты мемлекеттік қызметшілердің құқықтық сауаттылығын арттыру, әдептілік стандарттарын сақтаудың өзекті мәселелерін талқылау және қызметтік қызмет шеңберінде ықтимал бұзушылықтардың алдын алу болды.

Қазіргі заманның мемлекеттік қызметшілері қоғам тарапынан қойылатын талаптарға сай болуы тиіс, себебі олардың басты міндеті – азаматтардың қоғамдық мүдделері үшін қызмет ету болып табылады деп отырыс-кездесуде айтылды.

Бүгінгі таңда мемлекеттік қызметшілердің мемлекет тұрақтылығының көпірі екені сөзсіз. Олар ақпараттың ашықтығы мен қолжетімділігін, халықтың барлық топтарына ұсынылатын мемлекеттік қызметтердің сапасы мен жылдамдығын қамтамасыз етеді, адалдықтың, әділдіктің және кәсіпқойлықтың үлгісі болып табылады.

Өрбір қазақстандық мемлекеттік қызметші өз қызметінде мемлекеттік қызметтегі мінез-құлық қағидаларын реттейтін Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексін басшылыққа алуға міндетті. Кодекске сәйкес, олар жоғары кәсіби, адал, әділ, қарапайым болуға, жалпы қабылданған моральдық-әдептік нормаларды сақтауға тиіс. Әдептілік – өркениетті қоғамның адамгершілік қағидалары екенін есте ұстаған жөн.

Кездесу барысында Әдеп кодексінде айқындалған негізгі қағидаттар жан-жақты қарастырылды. Атап айтқанда, мемлекеттік қызметтің қоғамдағы орны мен рөлі, мемлекеттік қызметшілердің жеке жауапкершілігі және қоғамның мемлекеттік қызметке, мемлекет пен оның институттарына деген сенімін сақтау мен нығайту қажеттілігі талқыланды.

Сонымен қатар, мемлекеттік қызметшілердің қызметтік міндеттерін орындау барысында ұстануға тиіс жүріс-тұрыс қағидалары мен әдеп стандарттары ерекше назарға алынды. Әдеп нормаларын сақтау мемлекеттік қызметшілердің кәсіби әдебін арттыруға, олардың қоғам алдындағы адалдығын қамтамасыз етуге ықпал ететіні атап өтілді.

Бұдан бөлек, мемлекеттік қызметшілердің құқықтары мен міндеттері, тәртіптік жаза қолдану қағидалары кеңінен талданып, Әдеп кодексінің талаптарын іс жүзінде орындаудың негізгі тетіктері түсіндірілді.


Жалпы, кездесу барысында көтерілген мәселелер мемлекеттік қызметшілердің кәсіби этикасын жетілдіруге, олардың қоғам алдындағы жауапкершілігін арттыруға, сондай-ақ мемлекеттік органдарға деген азаматтардың сенімін нығайтуға бағытталды.

Мұндай кездесулер мемлекеттік қызметшілердің кәсіби даярлығын арттырып қана қоймай, мемлекеттік органдарға деген сенімді нығайтуға мүмкіндік береді. Әдеп жөніндегі кеңес мүшелерімен мемлекеттік қызметшілердің заңнамадағы соңғы өзгерістер туралы үнемі хабардар ету үшін осындай іс-шараларды тұрақты өткізудің маңыздылығын атап өтті.

Аталған бағыттағы жұмыстарды нәтижелі жүзеге асыру айрықша маңызды. Мемлекеттік қызметшілерге құқықтық ақпарат жеткізу жөніндегі жұмысы мемлекеттік органдарға деген сенімді нығайтуға, көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыруға және мемлекеттік қызметшілердің кәсіби қызметі үшін қолайлы жағдайлар жасауға ықпал етеді.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Жетісу облысы бойынша департаменті

ТҰРМЫСТЫҚ ҮЙЛЕРДЕГІ ӨРТ ҚАУІПСІЗДІК ШАРАЛАРЫ



Тұрмыстық үйлер мен саяжай учаскелерінде пеш жағу кезеңі басталған кезеңде өрттер мен адамдардың қаза болу себептері арта түседі. Қайғылы оқиға себептерінің отты абайсыз пайдалану салдарынан болып табылады, сонымен қатар мас күйінде шылым шегу, пеш жағу және пайдаланудың өрт қауіпсіздік ережелерін бұзу, газ құраларын пайдаланудың өрт қауіпсіздік ережелерін бұзу, электр желісі мен электр құралдарының газ құралдарын пайдалану және орнату ережелерін бұзу, пеш пен мұржалардың ақаулығы.

Өрт туындау қауіпі аз болуы үшін төмендегілерді орындау қажет:

- электр тұрмыстық, газ құралдарын пешті жөндеулі күйде ұстау және пайдалану кезінде қауіпсіздік шараларын сақтау;
- электр желісінде қосылған құралдарды, жанып тұрған газ плиталарың пештерді қараусыз қалдыруға және кішкентай балалардың қарауында қалдыруға болмайды;
- балалардың отпен ойнауына тыйым салу қажет;
- тұрғын үй және саяжай ауласын таза ұстау, контейнерген қураған шөптерді, құрылыс қалдықтарың қоқыстарды, жанғыш материалдарды жинап, шығару;
- тұрғын құрылыстардың маңында су толтырылған сыйымдылық орнату, өрт сөндіру құралдарын ұдайы дайындықта ұстау.

Ескелді ауданы ТЖБ баспасөз қызметі

ТҰМАУ –ЖІТІ РЕСПИРАТОРЛЫҚ ВИРУСТЫҚ ИНФЕКЦИЯ

Тұмау – бұл жіті респираторлық вирустық инфекциялар (бұдан әрі – ЖРВИ) тобына кіретін тұмау вирусы тудыратын жіті ауру. Қазақстанда жыл сайын эпидемиологиялық кезеңде ЖРВИ-мен және тұмаумен 800 мыңнан 1 миллионға дейін адам ауырады.

Тұмаумен ауыратындардың саны артқан сайын, тұмаудың асқынуы да өршиді, бұл – заңдылық. Бұдан кейін вирус ешқайда кетпейді. Сырқаттанушылықтың маусымдық артуының себебі бола отырып, адамдар арасындағы циркуляциясы жалғаса береді.

Қысқы айлардағы сырқаттанушылық шегі адамдардың, әсіресе балалардың, жұмыс орындарында, мектептерде, балабақшаларда және қоғамдық артуының себебі бола отырып, адамдар арасындағы циркуляциясы жалғаса береді.

Қысқы айлардағы сырқаттанушылық шегі адамдардың, әсіресе балалардың, жұмыс орындарында, мектептерде, балабақшаларда және қоғамдық артуының себебі бола отырып, адамдар арасындағы циркуляциясы жалғаса береді.

Тұмау вирусы ауадағы белсенділігін төрт сағатқа дейін сақтайды. Вирустар төмен температураны «жақсы көреді» – плюс 4°С-ге жуық температура (тұрмыстық тоңазытқыштағы жағдай) оңтайлы болып табылады. Осымен қатар, олардың көбііне ыңғайлы температура – бұл адам денесінің температурасы.

Сілекей мен қақырық тамшыларында болатын тұмау вирусы, осы тамшылар төсек-орында, жұмыс үстелінде, т.б. кепкен соң және оларға сіңгеннен кейін белсенділігін екі аптаға жуық, ал бөлме шаңында бес аптаға дейін сақтайды!

Барлық дезинфекциялаушы құралдар тұмау вирусын тез жояды

және осы құралдарды қолданып, стандартты ылғалды тазалау үй-жайларды зарарсыздандырудың тиімді тәсілі. Белмелерді жиі желдетіп тұруды да ұмытпаған жөн.

Тұмау вирусы адам ағзасының имунитетін төмендетеді. Инкубациялық кезең бірнеше сағаттан бастап 2-3 күнге дейін созылады.

Тұмаудың жеңіл түрімен ауыру ұзақтығы – бір апта. Дене қызуының 40 градусқа дейін көтерілуі, қалтырау, әлсіздік, көз қарығу, буынның және бұлшық еттің, бастың және тамақтың ауыруы, жөтелу, мұрынның бітелуі аурудың негізгі белгілері болып табылады.

Тұмаудың асқынуларына құлақ, тамақ, мұрын аурулары, жүйке жүйесіне байланысты асқынулар, сондай-ақ созылмалы аурулардың: жүрек-қантамырлық, өкпе, бронх тарапынан, қант диабеті және эндокриндік жүйенің басқа да ауруларының өршуі жатады.

2 жасқа дейінгі балаларда, созылмалы аурулары бар және жасы үлкен адамдарда тұмау ауыр түрде өтеді. Сондай-ақ, ерекше қауіптілік тобына жүкті әйелдер де жатады. ЖРВИ және тұмау жүкті әйелдердің имунды жүйесін де, эндокриндік жүйесін де бұзуы мүмкін. Тұмаудың жүкті әйелдерге қауіптілігі – түсік тастауы немесе мерзімінен бұрын босанып қалуында. Сонымен қатар, шала туудың жиіленуін көрсететін нақты мәліметтер бар.

Әкінішке қарай, жағдайы нашарлаған дер кезінде емдеу мекемесіне келмеген науқастарға қалыпты жағдайда жиі қолданылатын

жекелеген препараттар көмектеспейді де мүмкін. Сондықтан өз бетінше емделуге болмайды. Балалар мен жүкті әйелдерді емдеу тек дәрігердің тағайындауы бойынша және дәрігердің бақылауымен жүргізілуі керек. Тұмаудың алғашқы белгілері байқалысымен дәрігерді үйге шақыру жөн.

Кез келген ауруды емдегеннен гөрі, оның алдын алған дұрыс. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы (ДДҰ) сырқаттанушылықты, асқынуларды және өлім-жітімді айтарлықтай азайтатын, халықты тұмаудан қорғайтын жалғыз және тиімді іс-шара ретінде тұмауға қарсы вакцинациялауды ұсынды. Тұмауға қарсы егілгендерде инфекция жеңіл өтеді, асқынулар мен өлім-жітім жиілігі азаяды. Сонымен, егілген пациенттер арасында егілмегендермен салыстырғанда, бронхальды астмамен, жіті орташа отитпен ауру 3 есеге дейін сирек байқалды.

Егілгендер арасында вакцинадан кейінгі асқынулар байқалмады.


Ағымдағы жылы ауданда тұмауға қарсы 2025 жылғы қазан айынан вакцинация басталады. Вакциналардың ДДҰ сертификаты бар және Қазақстанда тіркелген.

Тұмаудан сақтану үшін ЖРВИ және тұмаумен сырқаттанушылар көбейген кезде халық көп жиналған орындарда болмауға, салқын тигізіп алмауға тырысу қажет және ауа райына сәйкес киіну керек.

Е.СЕЙСЕМБИНОВ,
Ескелді ауданы бойынша
СЭББ басшысы

ТУБЕРКУЛЕЗДЕН – ЕРКІН БОЛАШАҚ

ТУБЕРКУЛЕЗДІҢ АЛДЫН АЛУ



Туберкулез – әлемдегі ең көне, әрі бүгінгі күнге дейін өзектілігін жоймаған жұқпалы аурулардың бірі. Ғылым мен медицина қаншалықты дамығанымен, бұл дертпен күрес әлі де жалғасуда. Алайда туберкулезден қорықпай, онымен күреске білу маңызды. Себебі бұл аурудың алдын алуға және толықтай емделуге болады.

Тарихтан тағылым

Туберкулез адамзатқа ежелден белгілі. Археологиялық қазбалар нәтижесінде Ежелгі Египет мумияларынан туберкулез іздері табылған. Қазақ халқы да бұл дертті «құрт ауруы» деп атаған. Бұрындары емі табылмаған бұл аурудан ел-жұрт қатты қорыққан.

Алайда XX ғасырда антибиотиктердің ашылуымен туберкулезге қарсы күресте үлкен жетістіктерге қол жеткізілді. Қазіргі таңда бұл ауруды толық емдеуге бо-

лады – тек ерте анықтау мен дұрыс емдеу шарт.

Қазіргі ахуал және статистика

Бүгінгі таңда туберкулезбен күрес – әлем елдерінің басты денсаулық сақтау стратегияларының бірі. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметі бойынша, жыл сайын шамамен 10 миллион адам туберкулезге шалдығады, олардың ішінде 1,5 миллионға жуық адам осы аурудан көз жұмады.

Қазақстанда соңғы жылдары туберкулезбен ауыратындар саны азайып келеді. Бұл мемлекет жүргізіп жатқан тегін скринингтер мен емдеу бағдарламаларының арқасы. Дегенмен, кейбір аймақтарда бұл мәселе әлі де өзекті болып отыр.

Жастар – дені сау ұлттың негізі

Жастар – қоғамның қозғалысы күші. Олардың өмір салты, гигиена мәдениеті, медициналық сауаттылығы бүкіл ұлт денсаулығына әсер етеді. Бүгінгі жастар:

Денсаулық туралы ақпаратқа ашық,

Салауатты өмір салтын ұстануға бейім,

Ерікті түрде медициналық тексерулерден өтуге дайын.

Университеттер мен мектептерде салауатты өмір салтын насихаттау, туберкулез туралы білім беру – маңызды қадамдардың бірі.

Туберкулезден қалай қорғануға болады?

-Жыл сайын флюорографиядан өтіңіз

- БЦЖ екпесін уақтылы алыңыз (жаңа туған нәрестелер үшін)

-Қоғамдық орындарда гигиенаны сақтаңыз

- Жетелі бар адаммен ұзақ қарым-қатынастан сақтаныңыз

- Ағзаңызды имунитетті көтеретін тағамдармен нәрлендіріңіз

- Салауатты өмір салтын ұстаныңыз – спортпен айналысу, темекі мен ішімдіктен бас тарту

Туберкулез – емделеді!

Егер туберкулез диагнозы қойылса, бұл өмірдің соңы емес. Бүгінгі медицинада тиімді дәрілер мен емдеу хаттамалары бар. Ең бастысы – емді соңына дейін қабылдау. Қазақстанда туберкулезге қарсы ем мемлекет тарапынан тегін жүргізіледі.

Туберкулезбен күресте әрбір азаматтың жауапкершілігі өте жоғары. Өз денсаулығына ұқыпты қарау, алдын алу шараларына қатысу, өзгелерге түсіндіру – індеттің таралуын тежеудің негізгі жолдары. Мемлекет тарапынан туберкулезбен күрес бойынша тегін медициналық көмек, флюорографиялық тексерулер, дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету шаралары қарастырылған. Бұл мүмкіндіктерді дұрыс пайдалана білу – әрбір азаматтың парызы.

Қорытынды: Еркін болашақ – дені сау қоғамнан басталады

Біз бәріміз туберкулезден еркін болашақ құра аламыз. Ол үшін әр адам өз денсаулығына жауапты болуы керек. Ал қоғам, мемлекет және медицина саласы бірлесе әрекет етсе – бұл мақсатқа жету өбден мүмкін.

Салауатты ұрпақ, аурусыз болашақ – өз қолымызда!

Е.СЕЙСЕМБИНОВ
Ескелді СЭБ басқарма басшысы

БОКСТАН ЖЕТИСУ ОБЛЫСЫНЫҢ ЧЕМПИОНАТЫ



2025 жылдың 16 - 20 қыркүйек күндері аралығында Көксу ауданы Балпық би ауылында бокстан 2008-2009ж.т жастар арасында Жетісу облысының чемпионаты өтті.Аталған жарысқа 10 командада 113 спортшы қатысты. «Жетісу облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы» мемлекеттік мекемесі Ескелді ауданының балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесінен 2 спортшы қатысып, жарыс қорытындысы бойынша Кумарбеков Нурхан 1 орын иеленді.

ЖАТТЫҚТЫРУШЫ: КЕРИКБАЕВ ДАРХАН, КУМАРБЕКОВ ЕРКЕБҰЛАН ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ

**Адильбеков Қапалбай Қуатұлы,
«Жетісу облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы» мемлекеттік мекемесі**

«Ескелді ауданының балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі -Директоры

НАВАРЛАНДЫРУ

«Бақтыбай ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі мемлекеттік қызметтің 5 түрін көрсететінін хабарлаймыз.

Олар:

1. Кент,ауыл жерлерінен жер учаскесін беру
2. Сауда-саттық (конкурстарды, аукциондарды) өткізуді талап етпейтін мемлекеттік меншігіндегі жер учаскелеріне құқықтарын алу.
3. Жер учаскелерін алу үшін кезекке қою.
4. Жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгертуге шешім беру
5. «Жер учаскесін жеке меншікке ақысын бірден төлеп не бөліп төлеу арқылы сату» Аталған мемлекеттік қызметтер электрондық лицензиялау порталы арқылы көрсетіледі.Сондай-ақ Бақтыбай ауылдық округі әкімдігінің ғимаратында өзіне-өзі қызмет көрсету бұрышы бар.

Вниманию жителей!

Сообщаем, что государственное учреждение «Аппарат акима Бактыбайского сельского округа» оказывает 5 видов государственных услуг.

Такие как:

- 1.Предоставление земельного участка из земель поселка, села.
 - 2.Выдача решения на изменение целевого назначения.
 - 3.Приобретение прав на земельный участок, которые находятся в государственной собственности, не требующее проведение торгов (аукционов)
 - 4.Постановка на очередь на получение земельного участка
 5. «Продажа земельного участка в частную собственность едновременно либо в рассрочку»
- Данные государственные услуги оказываются через портал Электронного лицензирования.Также сообщаем что в здании акимата Бактыбайского сельского округа имеется Уголок самообслуживания.

Азаматтардың назарына!

Қазіргі таңда мемлекеттік қызметтерді цифрландыру аясында азаматтар көптеген анықтамаларды ЦОН-ға бармай-ақ, үйден шықпай-ақ eGov.kz веб-порталы арқылы электронды түрде алу мүмкіндігіне ие болды. Бұл – уақытты үнемдеуге, артық кезектерге жол бермеуге және ыңғайлы қызмет алуға мүмкіндік береді.

Өзіне-өзі қызмет көрсету бұрыштарынан алуға болатын анықтамалар:

1. Соттылығының болуы немесе болмауы туралы анықтама
2. Наркологтың динамикалық бақылауында болмауы туралы анықтама
3. Мұрағаттық анықтамалар, мұрағат құжаттарының көшірмелері немесе үзінділері
4. Психикалық денсаулық орталығынан мәліметтер (психиатрия)
5. Құқықтық статистика және арнайы есепке алу порталының анықтамалары
6. Жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтар туралы анықтама
7. Жылжымайтын мүліктің бар/жоқтығы туралы анықтама
8. Фтизиопульмонология орталығынан мәліметтер (фтизиатрия)
9. Банк несиелері мен микрокредиттерді алудан ерікті түрде бас тарту
10. Несие тарихы (Бірінші несие бюросы)
11. Медициналық мекемеге тіркелу
12. Әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны туралы мәліметтер
13. БЖЗҚ-дағы қаражат қозғалысы туралы ақпарат
14. Жұмыссыз ретінде тіркелу
15. Сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны туралы мәліметтер

Аталған анықтамаларды азаматтар аудандық қалалық әкімдіктердің, ауылдық/қалалық округтер әкімдіктерінің, мектептердің, кітапханалардың, ауруханалардың, балабақшалардың ғимараттарында орналасқан Өзіне-өзі қызмет көрсету бұрыштарынан ала алады.

Сонымен қатар, Қоңыр ауылдық округі тұрғындары үшін ыңғайлы болу мақсатында Қоңыр ауылдық округі әкімшілігінде де Өзіне-өзі қызмет көрсету бұрышы ұйымдастырылған. Мұнда кез келген азамат электронды цифрлық қолтаңбасы (ЭЦҚ) арқылы қажетті анықтамаларды өз бетінше жылдам ала алады.

Бұл бастама мемлекеттік қызметтердің қолжетімділігін арттырып қана қоймай, халықтың цифрлық сауаттылығын көтеруге де ықпал етуде.

Қоңыр ауылдық округі әкімдігі

Меншік иесі: «ЕСКЕЛДІ ЕЛІ» ЖШС директор - бас редактор Инкар Ерболқызы НҰРСҰЛТАНОВА. Редакцияның телефоны 3-19-15	Газет қазақ және орыс тілдерінде аптасына бір рет жұма күні шығады.	Эл. мекенжайымыз: Eskeldi_eli@mail.ru Газет ҚР Инвестициялар және даму Министрлігінің байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2015 жылғы 16 қарашада тіркеліп, № 15692-Г куәлігі берілген. Регистрационное свидетельство № 15692-Г от 16 ноября 2015г. выдано Министерством по инвестициям и развитию РК, комитетом связи, информатизации и информации.	Газет материалдары редакцияның компьютерлік орталығында беттеледі. Газет «Гамма-принт» Республикалық полиграфиялық баспа кешені» ЖШС-ның баспаханасында басылады. Баспаханың мекен-жайы: 050061, Алматы қаласы,Райымбека көшесі, 369-үй	Редакция мекенжайы: индекс 040500 Қарабұлақ ауылы, Сатпаева көшесі, 67 үй.	Осы шығарылымның таралымы 1900 Тираж 1900 Тапсырыс 1390 Көлемі 2 баспа табақ.	Авторлардың мақалалары редакцияның көзқарасын білдірмейді. Опубликованные материалы не обязательно отражают точку зрения редакции. Компьютерная верстка Д.ДАУРЕНҚЫЗЫ
---	---	---	---	--	--	--